



## ҚҰТТЫҚТАУ ЖЕДЕЛХАТТАРЫ КЕЛДІ



Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың туған күніне орай шет мемлекеттердің басшыларынан, шетелдік мемлекеттік органдардың, халықаралық ұйымдар мен дипломатиялық миссиялардың өкілдерінен құттықтаулар келді.

Құттықтау жеделхаттарын Ресей Президенті Владимир Путин, ҚХР Төрағасы Си Цзиньпин, Түркия Президенті Режеп Тайип Ердоған, Әзербайжан Президенті Ильхам Әлиев, Өзбекстан Президенті Шавкат Мирзиёев, Қырғызстан Президенті Садыр Жапаров, Тәжікстан Президенті Эмомали Рахмон, Түрікменстан Президенті Сердар Бердімұхамедов, Беларусь Президенті Александр Лукашенко, Корея Республикасының Президенті Юн Сок Ёль, Италия Президенті Серджо Маттарелла, Армения Президенті Ваагн Хачатурян, Армения Премьер-министрі Никол Пашинян, Біріккен Араб Әмірліктерінің Президенті шейх Мұхаммед бен Заид Әл Нахаян және басқалар жолдады.

## ДЕМОГРАФИЯ «ДЕМИГЕ» БАСТАДЫ

Ұлттық статистика бюросы жария еткен мәлімет елімізде демографиялық күйзеліс басталғанын аңғартты және бұл проблема жыл өткен сайын ушыға түскен. Қазақ елі демографиялық тығырықтан қалай құтыла алады?



### ҚАЗАҚ ДЕМОГРАФИЯСЫНЫҢ ҮШТАҒАНЫ

Қорқыныштысы сол, демография саласында барлық көрсеткіш құлдырап жатыр. Ұлттық статистика бюросы сарапшыларының дерегінше, бұл төмендеу 2022 жылы басталған. Атап айтқанда, 2021 жылы Қазақстанда 446 491 сәби дүние есігін ашты. 2022 жылы бұл көрсеткіш 403 893 бөбекті, 2023 жылы

388 428 баланы ғана құрады. Бұл, тіпті 2019 жылғы саннан (402 310 бала) да төмен.

2023 жылы бала туудың жалпы коэффициенті 1 000 адамға шаққанда 19,52 баланы құрады. 2022 жылы бұл көрсеткіш 20,57 болған. Мұнда да төмендеу байқалады. Туудың ең жоғары деңгейі тек Манғыстау (1 000 тұрғынға 26,74 бала), Түркістан облысында (26,18) және Шымкентте (25,70) тіркелді.

» 5

## ҒАЛЫМҒА ДА, ҒЫЛЫМҒА ДА ҚОЛАЙЛЫ ЖОЛ ҚАЙСЫ?



7  
БЕТ

## ӘУЛИЕБАСТАУ – ДЕРТКЕ ДАУА



12  
БЕТ

## КҮНБАҒЫС КӨБЕЙІП, КҮРІШ АЗАЯДЫ

Биыл көктем ерте шығып, күн тез жылынды. Салдарынан көп аумақты су алып, шаруаның біразы ауылшаруашылық саласына орасан нұқсан келгенін айтып отыр. Дегенмен уақытын оздырсаң, түсімі түгел болмайтын егіншілік саласы үшін әр күнді қалт жіберуге болмайтыны тағы бар. Жағдай қанша қиын болса да қазір өңірлерде егін егу науқаны қарқынды жүріп жатыр.

» 6



## ЖАСТАР – ТЫҢ ӨЗГЕРІСТЕРДІҢ ҚОЗҒАУШЫ КҮШІ

Кеше Мемлекеттік кеңесші Ерлан Қариннің төрағалығымен Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы Жастар саясаты жөніндегі кеңестің кезекті отырысы өтті.



Басқосуда кеңес бақылауға алған бірқатар стратегиялық және сараптамалық құжаттың әзірлену және жүзеге асырылу барысы талқыланды.

Атырауда өткен Ұлттық құрылтайдың үшінші отырысында Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың берген тапсырмасына сәйкес, тиісті мемлекеттік органдар заңсыз ойын бизнесі мен лудоманияға тосқауыл қою үшін жүйелі жұмыс жүргізіп жатыр.

Отырыста лудоманияға қарсы іс-қимыл аясында заң шығару және нақты жұмысты үйлестіру қажет екені аталып өтті. Парламент Мәжілісінің депутаты, Жастар саясаты жөніндегі кеңестің мүшесі Нартай Аралбайұлының заң жобасын дайындауға, Туризм және спорт вице-министрі Мирас Төлебаевтың заңсыз ойын бизнесі мен лудоманияға қарсы іс-қимыл жөнінде кешенді жоспар әзірлеуге

қатысты баяндамалары тыңдалды. Кеңес мүшелері мемлекеттік органдар мен қоғамдық ұйымдардың жұмысын дәйекті және жүйелі түрде ұйымдастыру жөнінде ұсыныстар берді.

Сонымен қатар жиында 2023-2029 жылдарға арналған мемлекеттік жастар саясаты тұжырымдамасына енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар талқыланды.

Бұдан бөлек, басқосуда 2024 жылға арналған «Қазақстан жастары» атты жыл сайынғы ұлттық баяндаманың құрылымы қарастырылды.

Ерлан Қарин кездесуді қорытындылай келе, тың өзгерістердің негізгі қозғаушы күші жастар екеніне назар аударды. Сондықтан елімізді дамыту үшін қолға алынған жалпыұлттық жобаларды жүзеге асыруға олардың белсенді қатысуы қажеттігін атап өтті.



## КОМПАНИЯЛАРДЫҢ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ ТӨМЕН

**Кеше Парламент Сенатында палата Спикері Мәулен Әшімбаевтың төрағалығымен орнықты даму саласындағы ұлттық мақсат-міндеттердің іске асырылуына мониторинг жүргізу жөніндегі Парламенттік комиссияның кезекті отырысы өтті. Іс-шара барысында қатысушылар бизнес ортада орнықты даму мақсаттарына қол жеткізу үшін ESG қағидалары – экологиялық, әлеуметтік және басқару тәжірибелерін енгізу мәселелерін талқылады.**

Отырыста Комиссия мүшелері мен сарапшылар ESG қағидаларын енгізу орнықты даму мақсаттарына қол жеткізуде маңызды рөл атқаратынын атап өтті. Өйткені олар кәсіпорындар қызметінің экологиялық, әлеуметтік және басқару аспектілерін қамтиды. Нақты айтқанда, аталған қағидалар бизнеске белсенді қатысуды қарастырады. Соған қарамастан, қазір елімізде оларды өндіріске енгізу мүмкіндіктері мен перспективалары туралы бірыңғай түсінік жоқ. Ұлттық статистика бюросы жүргізген зерттеу нәтижелеріне сәйкес, сауалнамаға қатысқан кәсіпорындардың 88 пайызы бұл қағидалармен таныс емес екені белгілі болып отыр.

Мәулен Әшімбаев атап өткендей, компаниялардың экологиялық жауапкершілігі төмен. Мұндай үрдіс өзінің теріс салдарын тигізетіні анық.

«ESG қағидаларын елемей кәсіпорындармен бірге тұтас елдің экономикасына, беделіне және қаржылық тұрақтылығына түрлі қауіп төндіреді. Жакында Маңғыстау облысында болған өрт пен «Қазцинк»-тің қалдықтар қоймасында болған апат айтарлықтай экологиялық зардабын тигізді. Бұл дегеніміз, метанның ауаға шамадан тыс бөлінуіне және өзендердегі нитрат концентрациясының артуына әкеліп соқтырады. Осы ретте өнеркәсіп орындарының экологияға теріс әсерін азайтуға арналған заң нормалары қаншалықты тиімді іске асырылып жатыр деген сұрақ туындайды. Отырыста сарапшылармен және бизнес өкілдерімен бірге осы мәселелерді мазмұнды әрі жан-жақты талқылаймыз», – деді Мәулен Әшімбаев.

Кездесуде ESG-дің адам құқықтарын қорғауды және тең мансаптық мүмкіндіктер мен гендерлік теңдікті қамтамасыз етуді көздейтін әлеуметтік қағидалары да сөз болды. Аталған қағидаларды интеграциялаудағы көшбасшы компаниялардың жартысында орнықты дамудың осы саласына жауаптылар жоқ. Отырысқа қатысушылар бұл үрдіс халықаралық тәжірибеге қайшы екенін айтты.

Талқылау барысында мемлекеттік органдардың өкілдері мен сарапшылар қозғалған тақырыпқа қатысты өз пікірлерін білдіріп, ұсынымдарымен бөлісті. Сенат Төрағасы айтылған барлық ұсыныстың іске асырылуы палатаның

Экономикалық саясат, инновациялық даму және кәсіпкерлік комитеті мен жұртшылықтың бақылауында болатынын тілге тиек етті. Сондай-ақ Парламенттік комиссияның алдағы отырыстарында жүргізіліп жатқан жұмыстың тиімділігіне талдау жүргізілмек.

«Алдағы уақытта жаңа Салық кодексінің қарау барысында орнықты даму күн тәртібі мен ESG қағидаларын белсенді енгізетін компаниялар үшін ерекше жағдайлар қарастыруымыз керек. «Жасыл қаржыландыру» да маңызды мәселелердің бірі. Сондықтан Парламент депутаттары мемлекеттік органдардың өкілдерімен бірге «жасыл қаржыландыру» үшін барынша тиімді заңнамалық негіз қарастыруға тиіс. Осы іске «Астана» халықаралық қаржы орталығы, KASE, еліміздегі кейбір жүйе құраушы банктер белсенді жұмылуы қажет. Бұл – бәріміз атқаруға тиіс ауқымды жұмыс. Жалпы, қазіргі таңда бизнес орнықты даму мақсаттары мен принциптері және ESG стандарттары туралы көп біле бермейді. Осыған байланысты бизнесті ақпараттық және әдіснамалық тұрғыдан жүйелі қолдау қажет. Бүгінгі отырыстың қорытындысы бойынша бұл бағытта нақты қадамдар жасаймыз деп сенемін», – деген Сенат Төрағасы мемлекеттік органдар мен бизнес өкілдерін отырыста көтерілген мәселелерді алдағы жұмыста ескеруге шақырды.

Комиссия отырысында Парламент депутаттарымен бірге Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі Светлана Жакыпова, Ұлттық экономика бірінші вице-министрі Тимур Жақсылықов баяндама жасады. Сонымен қатар ESG KPMG Caucasus and Central Asia бағытының жетекшісі Ғабит Мүсірепов, «ESGQ рейтинг агенттігінің» директоры Ерлік Қаражан, «Атамекен» ҰҚП Орнықты даму және ESG жөніндегі кеңесінің төрағасы Юлия Якупбаева, Freedom Holding Corp. компаниясының орнықты даму дирекциясының басшысы Сәкен Шаяхметов, ERG компаниясының бас директоры Серік Шажаханов және тағы басқа қатысушылар сөз сөйлеп, ESG қағидаларын енгізуге қатысты өз пікірлерін білдірді.

## ЭКОНОМИКАЛЫҚ ҚҰҚЫҚБҰЗУШЫЛЫҚ ТУРАЛЫ ЗАҢ ЖОБАСЫ ҚАРАЛАДЫ

**Мәжіліс Спикері Ерлан Қошановтың төрағалығымен бюро отырысы өтіп, алдағы жалпы отырыстың күн тәртібі нақтыланды.**

Депутаттар бірінші оқылымда экономикалық құқықбұзушылықтарды одан әрі қылмыстық сипаттан арылту және заңсыз жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылы-статуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл мәселелері туралы заң жобасын қарайды. Заң жобаларын Парламент депутаттары Мемлекет басшысының 2023 жылғы 1 қыркүйектегі «Әділетті Қазақстанның экономикалық бағдары» атты Қазақстан халқына Жолдауын орындау үшін әзірледі. Онда экономикалық құқықбұзушылықтарды одан әрі декриминализациялау және кәсіпкерлерді салық қылмыстары бойынша қылмыстық жауапкершілікке тарту нормаларының шегін айқындаудың әділ тетігін енгізу тапсырылды.

Екінші оқылымда депутаттар өздері бастамашы болған электромобильдер инфрақұрылымын дамыту мақсатымен әзірлеген экологиялық таза көлікті



танымал ету және электромобильдерге арналған инфрақұрылымды дамыту мәселелері жөніндегі заң жобасын қарайды.

Сондай-ақ жалпы отырыстың күн тәртібі жобасына спорттық бағыттағы жылқылардың қазақ тұқымын сақтау және өсімін молайту мәселелері жөніндегі депутаттар әзірлеген заң жоба енгізілді. Бұл құжат асылтұқымды жылқылардың сапасын жақсарту және қостанайлық жылқы тұқымының басын ұлғайту үшін селекциялық және асыл тұқымдандыру

жұмыстарын жүргізуге бағытталған.

Депутаттар алдағы отырыста Түркі мемлекеттері ұйымына мүше мемлекеттердің үкіметтері арасындағы оңайлатылған кеден дәлізін құру туралы келісімді ратификациялау туралы заң жобасын талқылайды. Келісім аясында ақпарат алмасу тараптардың сауда операторларымен оңайлатылған кедендік дәлізді пайдалана отырып және ерікті негізде тасымалданатын жүктер бойынша жүзеге асырылады.

## МАҢҒЫСТАУ ОБЛЫСЫНЫҢ ӘКІМІ ТАҒАЙЫНДАЛДЫ

**Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасына сәйкес, Президент Әкімшілігінің Басшысы Айбек Дәдебай Маңғыстау облысының барлық деңгейдегі мәслихаттар депутаттарының жиналысына қатысу үшін Ақтау қаласына жұмыс сапарымен барды.**



Кездесу барысында Айбек Дәдебай депутаттарға Маңғыстау облысының әкімі лауазымына Нұрдәулет Игілікұлы Қилыбай мен Ұлықбек Серікұлы Тналиевтің кандидатурасын ұсыну туралы Президенттің хатын оқып берді.

Ашық дауыс беру нәтижесінде 96 депутат Нұрдәулет Қилыбайдың, 17 депутат Ұлықбек Тналиевтің кандидатурасын қолдап дауыс берді. Жиналысқа барлығы 113 депутат қатысты. Дауыс беру қорытындысы бойынша, Президент Жарлығымен Нұрдәулет Қилыбай Маңғыстау облысының әкімі лауазымына тағайындалды.

Айбек Дәдебай өңір активіне жаңа әкімді та-

ныстырып, Нұрдәулет Қилыбай осы аймақтың тұрағы және облыста түрлі басшылық қызметтерді атқарған тәжірибелі маман екенін атап өтті. Сонымен қатар Президент жүктеген міндеттерді сапалы әрі уақытылы орындау қажет екеніне назар аударды.

– Мемлекет басшысының тікелей қолдауымен атқарылған жұмыстардың нәтижесінде соңғы 5 жылда өңірге 3,6 триллион теңгеден астам инвестиция тартылған. Бұл – жаңа жұмыс орындары мен экономикалық өсім. Алдағы уақытта аталған көрсеткішті еселей түсуіміз керек. Бүгінде облыста Президенттің тапсырмасына сай, ондаған жаңа әлеуметтік нысанның құры-

лысы жүріп жатыр. Оның ішінде «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы аясында 22 мың оқушыға арналған 21 мектептің құрылысы басталып кетті. Бұл – халық саны жағынан өсімі жақсы Маңғыстау облысы үшін аса қажетті шаралар. Өңір басшылығына Президент тарапынан маңызды міндеттер жүктеліп отыр, – деді Президент Әкімшілігінің Басшысы.

Айбек Дәдебайдың айтуынша, Маңғыстау облысының әкімдігіне инвестициялық ахуалды жақсарту, жаңа өндіріс орындарын ашу, көлік-логистика және туристік әлеуетті барынша дамыту, тұрғындарды сапалы ауызсумен қамтамасыз ету, инфрақұрылымды жаңғырту, экологиялық мәселелерді шешу, құрылыс саласын ретке келтіру міндеттері жүктеледі.

Кездесу соңында Айбек Дәдебай Нұрдәулет Қилыбайға облыс тұрғындарының игілігі үшін Президент жүктеген барлық міндетті орындау жолында табыс тілеп, аймақтың бұрынғы басшысы Нұрлан Ноғайевқа атқарған жұмысы үшін алғыс айтты.

# ҰЛТТЫҚ СПОРТ ЖАЙЛЫ ФИЛЬМДЕРДІҢ ІЗАШАРЫ

Астанада «Ұлы дала жорығы» ат марафон-бәйгесі туралы деректі фильмнің тұсаукесер көрсетілімі өтті. Бұл марафон 2022 жылдан бастап жыл сайын «AMANAT» партиясының, Туризм және спорт министрлігінің қолдауымен өткізіліп келеді. Ұйымдастырушылар – Ұлттық спорт қауымдастығы мен оның құрамына кіретін JORYQ ат спорты федерациясы.

Фильмде 2023 жылы ұйымдастырылған «Ұлы дала жорығы» марафоны туралы баяндалады. Осы жорыққа қатысушылар Астанадан Түркістанға дейін 1 300 шақырым жол жүріп өткен еді. Марафон 14 кезеңге бөлініп, оған еліміздің 19 өңірінен бір командадан қатысты.

Екінші марафонның қорытындысы бойынша 1 300 шақырым жолды 93 сағат 47 минут 43 секундта жүріп өткен Жетісу облысының командасы абсолютті чемпион атанды. Сонымен қатар Маңғыстау облысының шабандозы Мағжан Абдолұлы 50 шақырымды 1 сағат 33 минутта жүріп, әлемдік рекорд орнатты.

«AMANAT» партиясының Атқарушы хатшысы Дәулет Кәрібек теңдесі жоқ «Ұлы дала жорығы» марафон-бәйгесі аз уақыттың ішінде халқымыздың сүйікті жарысына, көзайымына айналғанын атап өтті.

«Мемлекет басшысының қолдауымен басталған «Ұлы дала жорығы» бәйгесі ұлттық спорттың дамуына ғана емес, ұлттық болмысымыз бен тарихымызды тануға,



ұлттық рухтың оянуына зор қозғау салып отыр. Бәйге-марафонға «AMANAT» партиясының Төрағасы Ерлан Қошанов та үнемі қолдау көрсетіп келеді. Біз де әрдайым осы игі шараның басы-қасында бола береміз. «Ұлы дала жорығынан» кейін қоғамда, әсіресе жастардың арасында жылқыға, ұлттық спортқа деген қызығушылықтың еселеп артқанын көріп отырмыз. Қазіргі уақытта жылқы ұлттық брендімізге айналды деуге болады. Сондықтан бүгінгі деректі фильмді болашақта тұлпарлар туралы түсірілетін өнер туындыларының,



көркем фильмдердің ізашары деп білемін», – деді Дәулет Кәрібек.

Кинокартинада шабандоздардың жарысқа дайындығы, олардың қиындықтарды қалай жеңгені және жеңіске деген ұмтылысы көрсетіледі. Фильм қазақ халқының өткен көшпелі өмір салты мен қазіргі Қазақстанның келешек көкжиегін біріктіре отырып, ұлттық рухты жаңғыртады.

Фильмде ат марафонына қатысушылар сапар барысында басынан өткен оқиғалары туралы әңгімелеп, шынайы эмоциясымен бөліседі. Олар Ұлы дала төсін көктей өтіп,

көшпенділердің шынайы әлеміне енуге мүмкіндік алғанын айтады.

«Біз осы бірегей жобаны қатарынан үшінші жыл өткізгелі отырмыз. «Ұлы дала жорығы» күзде елімізде өтетін 5-ші Дүниежүзілік көшпенділер ойындарының бағдарламасына енгізілді. Яғни, жорық халықаралық деңгейге көтерілді. Осы жобаның арқасында елімізде ұлттық спорт және ат спорты өнері дами түседі деп үміттенеміз», – деді Ұлттық спорт қауымдастығының президенті Исламбек Салжанов.

Деректі фильмнің тұсаукесеріне келген қонақтардың қатарында өткен жылы осы марафон-бәйгеге қатысушылар, спорт саласының өкілдері, Парламент депутаттары, қоғам қайраткерлері, шетелдік дипломатиялық корпус өкілдері және т.б. болды. Айта кетейік, осы жексенбіде Павлодар-Астана бағыты бойынша үшінші «Ұлы дала жорығы» марафон-бәйгесі басталады.

«Ұлы дала жорығы» деректі фильмін Black&White компаниясы түсірді. Жобаның серіктестері – «Самұрық-Қазына» АҚ және Sport Qory спортты қолдау қоры.

Еске сала кетейік, республикалық JO-RYQ федерациясы Қазақстан Республикасы Ұлттық спорт қауымдастығының құрамына кіреді. Қауымдастық құрамында бұдан өзге бәйге, көкпар, тенге ілу, аударыспақ, жамбы ату, құсбегілік, садақ ату, асық ату және т.б. федерациялар бар. Ұлттық спорт қауымдастығын белгілі кәсіпкер, меценат, Altyn Qyran Foundation қоғамдық қоры қамқоршылық кеңесінің төрағасы Исламбек Салжанов басқарады.

## «ЖАРҚЫН АУЫЛ» ЖОБАСЫ ҚАНАТ ҚАҚТЫ

Қостанай облысының әкімдігі мен «AMANAT» партиясының өңірлік филиалы ауылдық елді мекендерді дамытуды, абаттандыруды көздейтін «Жарқын ауыл» жобасы іске қосылғанын мәлімдейді. Кеше аталған бағдарлама қанатқа режимде Қостанай ауданы Айсары ауылында іске қосылды. Бастама «Таза Қазақстан» жалпыұлттық науқаны аясында жүзеге асырылуда.



Бүгінде Қостанай облысы тұрғындарының 38%-ы ауылдық жерде тұрып жатыр. Бірқатар ауылда инфрақұрылымды жаңғырту жұмысын жүргізу қажет. Осы күні өңірдегі 140-тан астам ауылға сапалы ауызсу жүргізілген жоқ. Сондай-ақ 150-ге жуық ауыл жылдамдығы жоғары интернетпен жабдықталмай отыр. Жол сапасы, көшелерді жарықтандыру жұмысы, мектептер мен медициналық нысандардың жағдайы көңіл көншітпейді.

«Жарқын ауыл» жобасы ауылдық елді мекендердің әл-ауқатын арттыруға арналған. Демеушілердің қаражаты есебінен тұрғын үйлер салынады, балаларға және спортпен шұғылданатын адамдарға арналған

аяндар ашылады, скверлер мен саябақтар жабдықталады, демалыс үйлері салынады және өзге де жұмыстар жүргізіледі. Жоба аясында 400-ден астам ауыл қамтылады. Өңір кәсіпкерлері бұған 10 млрд теңгеге көлемінде қаржы бөліп, қолдау көрсетуге дайын екенін жеткізді. Қостанай облысының әкімі бізге көп қолдау көрсетті. Бұл – партия мен жергілікті атқарушы органдар арасындағы өзара тиімді әрекеттің жарқын үлгісі. «Жарқын ауыл» жобасы ел дамуына ерекше серпін береді дегенге сенімдеміз», – деді «AMANAT» партиясы Қостанай облыстық филиалының төрағасы Алматы Досмұхамедов.

Осылайша, партияның аудандық филиалдары әкімдіктермен және

кәсіпкерлермен тиісті меморандумдарға қол қояды. Бұл қадам жобаның тұрақтылығы мен ашықтығын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Нәтижесінде, алдағы үш жылда ауылдар сапалы сумен жабдықталады, сапалы жолдар салынады, жылдамдығы жоғары интернет жүргізіледі және елді мекендердің жалпы эстетикалық келбеті жақсарады.

«Жарқын ауыл» жобасының алғашқы кезеңінде Қостанай ауданы Айсары ауылдық округіндегі 3 көше жөнделеді. Жергілікті стадион қайта жаңартылып, «Айсары-Половниковка» су құбыры салынады және фельдшерлік-акушерлік пункт ашылады. Барлық жұмыс биыл 1 қазанға дейін аяқталмақ. Тиісті меморандумға Айсары ауылдық округінің әкімі Бауыржан Нұрғазин, партияның Қостанай аудандық филиалының төрағасы Марина Растегаева және бизнес-қоғамдастық өкілдері Бисембай Бурашев, Болат Анқауов, Андрей Хорошилов, Олег Двоглазов, Андрей Эм, Светлана Быстрыкова, Талғат Жүргімбаев, Батыржан Мұхамбетжанов, Максим Пономарев және Мұрат Башбибаев қол қойды.

«Біз әр тұрғынға заманға сай жағдай жасай отырып, ауылдық жерлерді өмір сүруге барынша тартымды әрі қолайлы етуге тырысамыз. Тұрғындардың көпшілігі, әсіресе жастар қауымы ірі қалаларға көшуге ниетті екені жасырын емес. Осы орайда «Жарқын ауыл» жобасы – дәл осы ауылдық елді мекендерде өмір сүруге қолайлы жағдай жасау қадамы», – деді Марина Растегаева.

Айта кетейік, «AMANAT» партиясының сайлауалды бағдарламасы аясында биыл Қостанай облысында 5 жаңа мектеп салу, жұмыс істеп тұрған 51 мектепті жөндеу, 19 дәрігерлік амбулатория мен фельдшерлік-акушерлік пункт ашу, 19 елді мекенді сумен қамтамасыз ету және тағы басқа жұмыс жоспарлануда.

## АЛАЯҚҚА АЛДАНҒАН АУЫЛ ТҰРҒЫНДАРЫНА ЖӘРДЕМДЕСТІ



Шығыс Қазақстан облысы Ұлан ауданы тұрғындарының сыртынан әлдекімдер несие рәсімдеген. Түрлі мекеменің табалдырығын тоздырған Тарғын елді мекенінің 12 тұрғыны еш жерден жәрдем болмаған соң «AMANAT» партиясының Ұлан аудандық филиалынан көмек сұраған.

2016 жылы алаяқтар ауыл тұрғындарының «жеке деректерін цифрлық базаға енгіземіз» деген сылтаумен құжаттарын алған. Алайда күдіктілердің көздегені басқа еді. Зардап шеккендердің айтуынша, олар ешбір құжатқа қол қоймаған және ешқандай ақша алмаған.

«Алаяқтар әрқайсымыздың атымызға 3 миллионнан астам теңгеге қаржылай несие рәсімдеген. Біз бұл туралы 2018 жылдары есепшоттарымыз бұғатталған кезде білдік. Бірден құзырлы мекемеге жүгіндік, бірақ ешбірі көмектеспеді. Барар жер, басар тауымыз қалмағандықтан, «AMANAT» партиясының Ұлан аудандық филиалынан көмек сұрадық. Арада көп өтпей мәселемізді толықтай шешіп берді», – дейді ауыл тұрғыны Табыс Абдулхақов.

12 азаматтың атына жалпы жиыны 36 миллион теңге сомасындағы несие рәсімделген. Салдарынан зардап шегушілердің шоттары бұғатталып, тіпті банк карталарынан еңбекақыларын да ала алмаған. Партиялықтар бұл істі мұқият зерттеп, ауылдықтарды тақырға отырғызған алаяқтар тобымен байланысқа шықты.

«Біз оларға қарапайым адамдарды алдау арқылы байып, табыс таппайтынын түсіндірдік. Олардан осы қарыздың барлығын жабуды сұрадық. Қиын жағдайға тап болған 12 тұрғынның барлық мүлкінен бүгінде бұғат алынып тасталды. «AMANAT» партиясының «Қарызсыз қоғам» жобасы бар. Соның аясында тұрғындардың қаржылық сауатын арттырамыз. Олар арнайы курстардан өтеді», – деді «AMANAT» партиясының Ұлан аудандық филиалы төрағасы Марғұлан Әменов.

Елімізде биыл «қоғамдық жұмыстар институты» енгізілмек. Бұған депутаттар да, жергілікті билік өкілдері де қарсы. Өйткені қоғамдық уақытша жұмыстарды бұдан былай жұмыссыздар сыртында сотталғандарға да беру бекітілмек. Әкімдерге өз ауылы, қаласы, облысында ашылған қоғамдық жұмыстарды сол қос санаттағы адамдар арасында бөлуге тура келеді. Бұл аз болса, әкімдік қызметкерлері сотталғандардың өзіне жүктелген жұмысты атқаруын бақылауға міндеттеледі. Бұдан олар шошынып отыр.

Айхан ШӘРІП

### «ТӘРБИЕЛЕНУШІЛЕР» ЕҢБЕГІ ТЕГІН

Мәжіліс «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекске өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» жаңа заң жобасын бірінші оқылымда мақұлдап қойды. Әділет министрі Азамат Ескараевтың айтуынша, заң жобасына енгізілетін түзетулерді 2 негізгі бағытқа бөлуге болады. Біріншісі — әкімшілік жазаның жаңа түрі ретінде «қоғамдық жұмыстарға тартуды» белгілейді және оны қолданудың тетіктерін айқындайды. Екінші бағыты — әкімшілік-деликтік заңнаманы жетілдіре түседі.

Министр қазір қоғамдық жұмыстарға тарту жазасы қылмыстық заңнама аясында қолданылып жүргенін еске салды. Оны Ішкі істер министрлігінің пробация қызметі жүзеге асырады. Жаңа заң аясында әкімшілік істер бойынша қоғамдық жұмыстарға жегу жазасы енгізілмек.

— Бұл заң жобасында «қоғамдық жұмыстарға тарту» түріндегі әкімшілік жазаны қолданудың ұқсас тағы бір тетігі қарастырылды, алайда оны орындату әкімдіктерге жүктеледі. Әкімшілік заңнама аясындағы қоғамдық жұмыстарды 9-бап бойынша қолдану ұсынылады. Қоғамдық жұмыстардың түрлерін және соны ұсынатын ұйымдардың тізімін әкімдіктер айқындайды, — деді Әділет министрі.

Оның түсіндіруінше, әкімшілік істер бойынша сотталғандардың қоғамдық жұмысты атқаруының келесі іс-қимыл алгоритмі белгіленді. Біріншіден, әкімдіктер өзіне сот қаулысы келіп түскенде өз аумағында тұратын құқық бұзушыны шақырады. Оның жеке деректерін толтырады. Оған құқықтары мен міндеттерін, қоғамдық жұмыстарды орындау тәртібін, қашан жұмысын бастап, қашан демалып, қашан үйіне қайтатынын түсіндіреді.

Екіншіден, жоғарыда айтылған тізімге енген жергілікті ұйымдарға қоғамдық жұмыстарды атқару үшін адамдардың жіберілетіні туралы хабарлама жолдайды.

Үшіншіден, әкімдік қызметкері қоғамдық жұмыстарды орындау кестесін бекітеді. Құқық бұзушының қоғамдық жұмыстарды лайықты орындауын өзі бақылайды. Егер қоғамдық жұмыстарды орындаудан жалтарса, ол туралы ішкі істер органдарын дереу хабардар етуі тиіс.

Төртіншіден, құқық бұзушыларды қабылдаған жұмыс берушілер, ұйымдар олардың қандай және қанша көлемде жұмыс атқарғанын тіркеп, тиісті акт толтырады, жұмыс істелген сағат-

# ҚОҒАМДЫҚ ЖҰМЫС — ЖАЗАНЫҢ ЖАҢА ТҮРІ

тардың табелін жүргізеді. Сондай-ақ тоқсан сайын сотталғандардың қоғамдық жұмыстарды орындауы туралы жергілікті әкімдікке есеп береді.

Бір қарағанда бәрі түсінікті, игілікті сияқты. Жергілікті билік, кәсіпорындар тегін жұмыс күшіне қол жеткізеді. Жеңіл, орташа ауырлықтағы қылмыс жасағандар болса, жазасын еңбекпен өтеп, қоғамға пайдасын тигізеді. Темір торға отырып, керек-жарақпен тегін қамтылып, елге масыл болмайды.

Әділет министрі Азамат Ескараев қоғамдық жұмыс үшін құқық бұзушыларға жалақы төленбейтінін нықтады.

— Қоғамдық жұмыс дегеніміз — қоғамдық пайдалы еңбек. Мұндағы мақсат — құқық бұзушыны еңбек арқылы «тәрбиелеу». Бұл — оның өзі жасаған, қоғамдық қауіпсіздікке, жеке тұлғаға, басқару тәртібіне қол сұғатын әкімшілік құқықбұзушылықтарын қайталауын болдырмауға бағытталған профилактикалық шара, — деді министр.

### ШЕНДІЛЕРДІҢ «ХАЛТУ- РАСЫНА» ҚАУІП ТӨНДІ

Алайда шенеуніктер үшін қоғамдық жұмыстар — кез келген дағдарыс кезінде еңбек нарығын уақытша тұрақтандырудың, «тесікті тығындаудың» құралы екенін ұмытпаған жөн.

Мысалы, 2016 жылғы 14 маусымда сол кездегі Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрі Тамара Дүйсенова, Ұлттық экономика министрі Қуандық Бишімбаев, Білім және ғылым министрі Ерлан Сағадиев келісіп, қабылдаған «Қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру және қаржыландыру қағидаларында» жұмыспен қамту орталықтарына қоғамдық жұмыс түріндегі уақытша жұмыс орындарын қапатып құру жүктелген.

«Қоғамдық жұмыстар — Халықты жұмыспен қамту орталықтары ұйымдастыратын, жұмыскердің алдын ала кәсіптік даярлаудан өтуін талап етпейтін, олардың уақытша жұмыспен қамтылуын қамтамасыз ету үшін әлеуметтік пайдалы бағыттағы еңбек қызметінің түрлері», — деп бекітілген сол қағидаларда.

Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің бытырғы 2023 жылғы 30 маусымдағы №275 бұйрығымен бұл қағидалар күшін жойды. Бірақ әкімдер сол бойы ескі қағидалы берік ұстанып келеді. Мысалы, таяуда Қызылорда облысының әкімдігі өзіне сеніп тапсырылған өңірде жұмыссыздықпен қалай күресіп жатқаны жөнінде есебін жариялады.

«Облыста жұмыс күшінің саны — 348 522 адам. Жұмыспен қамтылған халық саны — 331 480 адам. Жұмыссыздар саны — 17 042 адам. Жалпы жұмыссыздық деңгейі — 4,9% (2022 жылы — 4,9%). «2024 жылға арналған өңірлік жұмыспен қамту Жол картасы» шеңберінде 46 475 жұмыс орнын құру жоспарланса, 2024 жылғы



1 сәуірдегі жағдай бойынша 13 353 жұмыс орны құрылды (28,7%-ы). Оның ішінде жаңа жұмыс орындары — 11 056: тұрақтылары — 3 589 бірлік (26,9%-ы), уақытша жұмыс орындары — 9 764 (73,1%-ы)», — деп хабарлады Қызылорда облысының әкімдігі.

Ұқсас жағдай барлық өңірде қалыптасқан.

Уақытша жұмыс орындарын құруға әуестеніп кеткен көзбояу тірлігі үшін Қазақстан Халықаралық еңбек ұйымының (ХЕҰ) қатаң сынына ұшырады. Ұйым ел Үкіметін уақытша жұмыс орындарын құруға басымдық беру тәжірибесінен бас тартуға, онсыз да аз адами ресурстарын олай рәсуалай бермей, ұтымды пайдалануға шақырды.

Сарапшылардың айтуынша, қоғамдық уақытша жұмыс орындарына орналастыру — халықты орнықты жұмыспен қамтуға бастамайды. Бір жұмыстан екіншісіне сенделген азаматтар өмірден, қоғамнан лайықты орын таба алмауы мүмкін. Содан үлкен бір тобы өмірден баз кешіп, өзін бағалауды қойып, төл әлеуетін жүзеге асыру мүмкіндігін іздеуге құлық танытпайды. Немесе қылмысқа барады.

Жыл сайын мындаған жан «жұмыссыз» мәртебесінен бір шығып, қайта оралумен болады. Дәл осы кезде шенеуніктер ондаған жылдан бері жұмыссыздықты 5%-дан аспайтын деңгейде сақтағанына мәз.

Экономист Данияр Молдақановтың пікірінше, уақытша жұмыс орындарын мемлекет жас мамандарға тәжірибе мен жұмыс өтілін жинауға мүмкіндік беру үшін ашса ғана орынды. Жалпы, ауланы абаттандыру немесе меморганнның ғимаратын жөндеу сияқты біліктілігі төмен жұмыстар азаматтардың тұрмысын жақсартуға, кредитін ұзақ мерзімді өтеуге, тіпті қарапайым түйіндеме-резюмесін жақсартуға көмектесе алмайды.

Енді Үкімет аталған заң жобаларымен жыл сайынғы есептерін көркемдеуге көмектесетін осы тетікті әкімдерден алып қойғалы тұр.

Мұны депутаттардың бір бөлігі құптаса, бір бөлігі құптамады.

«Заң жобасында құқық бұзушылардың қоғамдық жұмыстарды орындауын ұйымдастыруды және қадағалауды жергілікті атқарушы органдарға, яғни әкімдіктерге жүктеу ұсынылған. Бұған келіспейміз! Мысалы, әкімдіктердегі Әлеуметтік қорғау басқармаларында жұмыс істейтін мамандардың, әсіресе жас қыз-келіншектердің дебошир немесе абьюзер секілді құқық бұзушыларды жұмыс істеуге мәжбүрлеуге сөзі жүрмейді, әлі де келмейді. Сондықтан мұны ішкі істер органдарына жүктеу керек», — деді Мәжіліс депутаты Қ.Әбден.

Депутаттардың бұл ұсынысын енді жұмыс тобы қарап жатыр. Бірақ оған Ішкі істер министрлігі қарсы. Ведомствоның ұстанымы келесідей: пробация қызметі инспекторларының мойнында онсыз да жүк көп, олар қылмыскерлердің түзеу жұмыстарын орындауын бақылайды. Оған тағы әкімшілік істер аясындағы қоғамдық жұмыстардың орындалуын бақылау да жүктелсе, жүйе зіл батпап салмақты көтермей, жайрап қалуы ықтимал.

### ӘКІМДІКТЕР НЕДЕН СЕСКЕНЕДІ?

Астана қаласы әкімінің орынбасары Евгений Глотов құқық бұзушылар тегін істейтін қоғамдық пайдалы жұмыстарды табуға болатынын, өйткені жергілікті жерде жұмыс қолы жиі жетіспей жататынын айтады. Мысалы, өңірлерде сәуір айынан бері өршіген тасқын кезінде көптеген ауылда тұрғындар үдере көшіп, жаппай эвакуацияланды, салдарынан ол аудандарда арынды өзендер жағасын бекітетін адам табылмай қалған. Содан мемлекет амалсыз әскерді жұмылдырды.

Дегенмен әкімнің орынбасары құқықбұзушылыққа бейім адамдарды тәртіпке, жөнге салу әкімдік қызметкерлеріне қиынға түсетінін жасырмады. Бірақ егер заңда солай бекітілсе, орындауға тура келеді.

«Біз өз тарапымыздан ол адамдар үшін абаттандыру, санитариялық тазалау және көгалдандыру бойынша қоғамдық пайдалы жұмыстарды ұйымдастырып, ұсынуға

дайынбыз. Заң жобасында жергілікті атқарушы органдарға әкімшілік жазаның орындалуын қадағалау функциясын жүктеу ұсынылады. Осы орайда елорда әкімдігінің ұстанымына қатысты бірнеше күрмеулі мәселені атап өткім келеді. Біріншіден, әкімшілік жазаларды орындату жергілікті атқарушы органдардың құзырына кірмейді. «Ішкі істер органдары туралы» заңға сәйкес, әкімшілік жазаларды орындау ішкі істер органдарының міндеттерінің бірі», — деді Евгений Глотов.

Екіншіден, оның айтуынша, әкімшілік жазалардың нақты, сапалы орындалуын қамтамасыз ету үшін жергілікті әкімдіктерде жеткілікті құқықтық құралдар да, ең бастысы, кадрлық ресурстар да жоқ.

Қазақстанда әкімшілік жазамен ғана құтылатын тентек-телі көп, ертең әкімдіктер олардың үлкен легінің астында қалуы мүмкін.

— Біз 2020-2022 жылдардың статистикасына талдау жүргіздік. Сөз болып отырған 9-бап бойынша 58 мыңнан астам адам немесе жылына орта есеппен 20 мың адам әкімшілік жауапкершілікке тартылған. Қоғамдық жұмыстар түріндегі әкімшілік жаза жалпы істердің оннан бір бөлігіне қолданылса, бізге жылына кем дегенде 2 мың адамды бақылауға алу қажет болады екен. Ал ішкі істер органдарының құқықтық, кадрлық және басқа да бақылау, қадағалау мүмкіндіктері жеткілікті. Сондай-ақ әкімшілік жазаларды орындауды қамтамасыз етудің қалыптасқан тәжірибесі мен жүйесі бар оларда, — деді елорда әкімінің орынбасары.

Үшіншіден, оның мәліметінше, әкімшілік істерге көбіне денсаулыққа қасақана жөніл зиян келтіру, адамды ұрып-соғу сияқты қылмыстар ілігеді. Бұлардың қатарына маскүнемдер, нашақорлар, токсикомандар, кит етсе, сом жұдырығын ала жүгіретін оспадарлар, басқасы кіреді.

— Олардың өзіне кесілген жазаларды қалтқысыз орындауын бақылау қарапайым мемлекеттік қызметшілердің қолынан келе бермейді, олардың психологиялық, физикалық денсаулығына қауіп төндіреді. Бұл арнайы дағдылар мен біліктілікті талап етеді. Сондықтан әкімдік ретіндегі ұстанымыз бойынша құқық бұзушының қоғамдық жұмыстар түріндегі әкімшілік жазаны орындауын қадағалау функцияларын ішкі істер органдарына жүктеген дұрыс, — деді Е.Глотов.

Бұл жерде жемқорлық мәселесі де туындайды. Бірақ тіпті пара бермегеннің өзінде, көнігі қылмыскер өзіне немесе тауып алып, бала-шағасына зақым-залал келтіретінін айтып, қорқытса, қокан-лоқы жасаса, әкімдіктің қызметкерлері, қыз-келіншектер құқық бұзушының айтқанын істеуге, сұрағанын беруге мәжбүр болуы мүмкін. Өйткені формасы мен поғоны бар полиция қызметкерімен салыстырғанда, әкімдік қызметкерлерінің сұсы мен мысы жоқ, арнайы заңда арнайы мәртебесі де, оларды қорғау да қарастырылмаған.

Осылайша, бұл мәселе бойынша мемлекеттік органдардың ұстаным-пікірлері әртүрлі болды. Жік-жік, жақ-жақ болып айтысу жалғасты. Сондықтан жұмыс тобына Үкіметпен бірлесіп мұны бір жағына қарай шығару тапсырылды. Бірақ ол Парламенттің күзде басталатын үшінші сессиясы еншісіне қалғалы тұр.

**ҚАЗАҚ ДЕМОГРАФИЯСЫНЫҢ  
ҮШТАҒАНЫ**

Коркыныштысы сол, демография саласында барлық көрсеткіш құлдырап жатыр. Ұлттық статистика бюросы сарапшыларының дерегінше, бұл төмендеу 2022 жылы басталған. Атап айтқанда, 2021 жылы Қазақстанда 446 491 сәби дүниеге келсе, 2022 жылы бұл көрсеткіш 403 893 бөбекті, 2023 жылы 388 428 баланы ғана құрады. Бұл, тіпті 2019 жылғы саннан (402 310 бала) да төмен.

2023 жылы бала туудың жалпы коэффициенті 1 000 адамға шаққанда 19,52 баланы құрады. 2022 жылы бұл көрсеткіш 20,57 болған. Мұнда да төмендеу байқалады. Туудың ең жоғары деңгейі тек Маңғыстау (1 000 тұрғынға 26,74 бала), Түркістан облысында (26,18) және Шымкентте (25,70) тіркелді.

Қазақстандық әйелдер бүгінде кеш бала көтереді. Ұлттық статистика бюросының мәліметінше, 20 жасқа дейінгі қыз-келіншектер былтыр 12,6 мың бала ғана босанған. Нәтижесінде, бүгінде қазақ демографиясының ұстыны — «ордабұзар отыздағылардың» құрбы-құрдастары: ананың орташа жасы 2023 жылы 29,7 жасты құрады.

Демографиялық жағдайдың биыл да оңалатын түрі жоқ. Туудың жалпы коэффициенті 1 000 адамға шаққанда былтырғы 19,52 баладан 2024 жылғы қантарнаурызға дейін кеміді. Халықтың табиғи өсімі 1 мың адамға шаққанда былтырғы бірінші тоқсандағы 12,41 адамнан биылғы бірінші тоқсанда 11,66 адамға дейін күрт азайды. Елдегі өлім-жітім керісінше, 1 мың адамға шаққанда былтырғы 6,65 адамнан 2024 жылғы үш айда 6,67 адамға дейін ұлғайды.

Ұлттық статбюро Қазақстан тұрғындарының саны 20 миллионға жеткенін 2023 жылғы 14 қарашада жариялаған болатын. Содан бері 5 айдай уақыт өтсе де, 2024 жылғы 1 сәуірдегі жағдай бойынша халық саны 20 095 963 адамды құрап отыр. Өсім сонша көп емес. Оның ішінде қала тұрғындары — 12 513 014, ауылдықтар — 7 582 949 адам.

Биылғы 3 айда қазақстандықтардың қатары 62 121 адамға ғана артты. Оның үлкен бөлігі — бұрынғы жылдары қазақ еліне қоныс аударып, биыл Қазақстан азаматтығына қол жеткізген шетелдіктер. 2024 жылғы қантар-наурызға елге тағы 7 471 шетелдік, негізінен ресейліктер көшіп келді.

Ресми статистика бойынша 2024 жылдың алғашқы үш айында 91,9 мың сәби дүниеге келді. Өкінішке қарай, осы мерзімде 33,4 мың адам (балалар және ересектер) қайтыс болған. Сонда халықтың табиғи өсімі — 58,4 мың адамды құрады. Туудың ең жоғары деңгейі сол бойы тек Маңғыстау (1 000 тұрғынға 25,10 адам), Түркістан (24,71) облыстарында және Шымкентте (23,57). Осы үш өңір — қазақ демографиясының үштағаны болып қалды.

**ӘЗІРГЕ КҮЙЗЕЛІС ЖОҚ,  
КӨРІНІСІ БАР**

Демограф маман Зүлфия Елеуханова Қазақстанның демографиялық дағдарысқа ұшырамағанын айтады.

«Демографиялық кризиске халық санының күрт азаюы да, сондай-ақ белгілі бір аумақта шектен тыс көп шоғырлануы да жатады. Журналистерді қызықтыратыны, қорқытатыны — біріншісі болса керек. Бала туу көрсеткіші

халықтың табиғи өсімі деңгейінен де, өлім-жітім деңгейінен де төмен түсіп кетсе, демографиялық дағдарыс туралы дабыл қаға бастауға болады. Қарапайым тілмен айтқанда, өлгендер саны туғандар санынан асып кетсе, жаман. Бірақ ресми статистикаға сенсек, Қазақстанда табиғи өсімнің жалпы коэффициенті биыл 11,66 адамды, өлім-жітімнің жалпы коэффи-

туындап, тосқауыл болуы мүмкін. Мемлекет үшін басымдықты, басты міндеттердің бірі — өлім-жітімді төмендету. Медициналық сақтандыру жүйесіндегі былықтар бұған мүмкіндік бермей тұр. Ол жақта да Үкімет тәртіп орнатып, қордаланып, ушыққан проблемаларды шешкені жөн.

Өңірлерде перзентханалар тапшы, бұл мәселені Мемлекет басшысының өзі көтерді. Әкімдер перинаталдық орталықтарды салу ісінде шабандық тарытып отыр. Демографияны жақсартуға экологиялық мәселелерді шешу, көші-

жау шақырады» деген. Демографиялық мәселелерді қалай шешеміз? Біріншіден, халықтың табиғи өсуімен, екіншіден көші-қонның жоғарылауымен. Табиғи өсуді қамтамасыз ету үшін алдымен отбасыларды қолдап, дүниеге келген әрбір балаға Үкімет тарапынан жағдай жасалуы керек, — деді Гауһар Шаймерденқызы.

2024 жылдың 20 ақпанында Сенат тұтас Үкімет сағатын «Демографиялық өсу — ұлттың стратегиялық артықшылығының негізі» тақырыбына арнаған болатын. Оның қорытындысында сенаторлар Үкіметке «Демография мәсе-

**«КОЙШЫСЫ» КӨП САЛА**

Депутаттарға жауабында Үкімет басшысы Олжас Бектенов демография үшін жеке мемлекеттік орган құрудан бас тартатындығын хабарлады. Премьердің түсіндіруінше, Қазақстанда демографиялық даму саласындағы мемлекеттік саясат — функционалды бағыттарына сәйкес түрлі орталық мемлекеттік органдардың жұмысына енгізілген, жіктеліп жүктелген. Мысалы, Еңбек министрлігі «өңірлердің демографиялық ерекшеліктерін ескере отырып, еңбек ресурстарының ұтқырлығын арттырумен» айналысады. Халықтың саны, құрылымы, көші-қон процестері негізінде кадрларға сұраныстың болжамын айқындайды. Денсаулық сақтау министрлігі — туу динамикасы, табиғи өсім және басқа көрсеткіш негізінде медициналық инфрақұрылымды қалыптастырады, «Ауылдағы денсаулық сақтауды жаңғырту» ұлттық жобасын іске асырады.

Оқу-ағарту министрлігі — бала туу көрсеткіштері мен балалар санын басшылыққа алып, «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы арқылы сапалы білім беру үшін жағдай жасайды. Ұлттық

# Демография «ДЕМІГЕ» БАСТАДЫ

**Ұлттық статистика бюросы жария еткен мәлімет елімізде демографиялық күйзеліс басталғанын аңғартты және бұл проблема жыл өткен сайын ушыға түскен. Қазақ елі демографиялық тығырықтан қалай құтыла алады?**

коэффициенті — 6,6 адамды құрады. Бұл ретте туудың жалпы коэффициенті 18,33 адамды құрап отыр. Демек, алдыңғы екі коэффициенттен төмен түскен жоқ», — деді сарапшы.

Қайталай кетейік, Қазақстанда 2024 жылдың алғашқы үш айында 91,9 мың сәби дүниеге келсе, 33,4 мың қазақстандық дүниеге келді.

Бірақ сарапшының тұжырымдауынша, Қазақстанда кейінгі жылдары демографиялық дамудың теріс тенденциялары байқалады, мемлекеттің міндеті — әлемдік озық тәжірибелер негізінде теріс трендті түзету, проблемаларды еңсеру.

Демограф маман бір мәселеге назар аудартты: кейінгі жылдары некелесушілер саны азайды. Бұл да демографияға нұқсан келтіретін фактор. Процесті динамикада бақылаған орынды: АХАТ органдарының дерегінше, 2023 жылы АХАТ органдары 120,8 мың некені ғана тіркелді, неке саны 2022 жылмен салыстырғанда бірден 5,9% азайып кетті.

Некелесудің жалпы коэффициенті республика бойынша енді 6,07 ғана (1 000 адамға шаққанда). Өңірлер арасында жалғыз Астаналықтар көп некелескен: коэффициенті 7,46. Қалғандарында төмен. Тұрғындары үйленуден қашатын аутсайдер — Түркістан облысы: 1 000 адамға 5,55 өзгер жетті. Ажырасу саны 2022 жылмен салыстырғанда, 2023 жылы 9,6%-ға азайып, 40,2 мыңды құрады. Былтыр 1 000 некеге 333 ажырасқан келген (2022 жылы — 347).

Демографтың айтуынша, демографиялық жағдайды оңалту үшін мемлекеттік саясатты жүзеге асыру кезінде осы саладағы ахуалға тікелей немесе жанама әсер ететін көптеген жапсарлас, ілеспе факторды ескеру қажет. Мысалы, биыл көп өңірді су басып, мыңдаған отбасы баспанасыз қалды. Оларды тұрғын үймен қамту мәселесі күз бен қысқа қалдырылмай, барынша тез шешілуге тиіс. Өйткені жетімбұрыш жағалаған адамдар бала тууды кейінге қалдырады. Ар жағында басқа кедергілер



**Бұл тұрғыда ізгі тәжірибе іргедегі өзбек ағайында бар: демографиялық өсімнің оң динамикасын сақтау, ана мен баланы қорғау, демографиялық саясатты ілгерілету және басқа да мәселелермен Өзбекстанда Отбасы және қыз-келіншектер комитеті (Oila va xotin-qizlar qo'mitasi) айналысады.**

конды ретке келтіру, атамекенге оралған қандастардың легін арттырып, жайластыру және басқасы септеседі.

**КӨРШІДЕН  
ҮЙРЕНЕРІМІЗ БАР**

Айтпақшы, қазіргі жастар мектеп бітіре сала, үйлі-баранды болуға асықпайды, негізінен, кеш үйленеді, алдымен жоғарғы білім алуға, мамандық игеруге, жақсы жұмыс табуға мән береді. Нәтижесінде, алғаш некеге тұрғандардың орташа жасы ерлер үшін 27,8 жас, әйелдер үшін 25,2 жас болды. Тіркелген некелердің 82,3%-ы — моноэтникалық, яғни бір ұлт арасындағы жұптардың отасуы. Тек 17,7%-ы — этносаралық жұптар.

11 баланың анасы, Мәжіліс депутаты Гауһар Танашеваның айтуынша, елде демографиялық саясат туралы не заң, не тұжырымдама жоқ.

— Ал демографиялық проблема бар. 32 жыл ішінде қазақстандықтардың басы небәрі 4 миллионға ғана өсті, салыстырсақ, көршілес Өзбекстанда осы кезеңде халық саны бірден 15 миллионға артты. Халқымыздың саны аз, жеріміздегі халықтың тығыздығы төмен, әлем бойынша 184 орындамыз: территориямыздың 100 гектарына 7 адамнан ғана келеді. «Бос жатқан жер

лері бойынша бөлек мемлекеттік орган құру мүмкіндігін қарастыру» туралы ұсыныспен шықты. Бұл бастаманы Мәжіліс те қолдайды: олар ұқсас ұсынысты 5 жыл бұрын жолдаған. Сол кездегі Үкіметтен қолдау таппады.

Бүгінде елімізде отбасы саясаты мәселелерімен айналысатын жалғыз ғана мемлекеттік орган бар, бұл — Мәдениет және ақпарат министрлігі жанындағы Жастар және отбасы істері комитеті. Отбасылық саясат басқармасында тек 4 адам жұмыс істейді, ал өңірлерде комитет өкілдері мүлдем жоқ.

Бұл тұрғыда ізгі тәжірибе біргедегі өзбек ағайында бар: демографиялық өсімнің оң динамикасын сақтау, ана мен баланы қорғау, демографиялық саясатты ілгерілету және басқа да мәселелермен Өзбекстанда Отбасы және қыз-келіншектер комитеті (Oila va xotin-qizlar qo'mitasi) айналысады.

Қазақстанда ұқсас комитет ашылса, депутаттардың пікірінше, ол аталған салада мемлекеттік органдар мен ұйымдардың қызметін үйлестіретін, сондай-ақ аналар мен балалардың құқықтарын тиімді қорғауды қамтамасыз ететін, отбасылардың өмір сүру жағдайын жақсартуға ықпал ететін негізгі орган болар еді.

экономика министрлігі ауылдық және қалалық аумақтардың өңірлік даму мәселелерін үйлестіреді. Ұлттық статистика бюросының құзыретінде демография саласының статистикасын жүргізу кіреді.

— Осылайша, мемлекеттік органдар өзінің салалық бағыты бойынша әкімшілік, экономикалық және басқа да іс-шараларды жүзеге асырып, демографиялық саясаттың тұтас жүйесін қалыптастырады. Бұл тәсіл осы саладағы нақты мәселелерді шешуге мүмкіндік береді. Осы жүйеден бөліп алып, экономика саласына байланыстырмай, жеке ведомство ашу — өз қызметі үшін негізі жоқ институтты құруға соқтырады. Ол нақты тұтынушысы мен түпкілікті нәтижелері жоқ салалық құжаттарды әзірлеумен айналысуы мүмкін, — деп дәйектеді Олжас Бектенов.

Демографтар дабыл қағуын жалғастырды: Қазақстан — халқы аз қоныстанған ел болып қалды, 1 шаршы шақырымға небәрі 5-6 адамнан келеді. Салдарынан, республикаға сол бұрынғыдай депопуляция қаупі төніп тұр. Оған жол бермеу үшін Үкімет іс-қимылдың үш бағытын тең қамтығаны маңызды: біріншіден, бала туу көрсеткішінің артуына жағдай жасауы керек. Екіншіден, өлім-жітімді азайтса, құба-құп. Үшіншісі — көші-қон ағынын арттыру, соның ішінде ата-жұртқа оралатын шетелдік қандастардың кейінгі кезде сұйылып кеткен көшін ұлғайту болмақ.

Елдос СЕНБАЙ

# Күнбағыс көбейіп,

**Б**иыл көктем ерте шығып, күн тез жылынды. Салдарынан көп аумақты су алып, шаруаның біразы ауылшаруашылық саласына орасан нұқсан келгенін айтып отыр. Дегенмен уақытын оздырсаң, түсімі түгел болмайтын егіншілік саласы үшін әр күнді қалт жіберуге болмайтыны тағы бар. Жағдай қанша қиын болса да қазір өңірлерде егін егу науқаны қарқынды жүріп жатыр.

Бердібек ҚАБАЙ

**О**ңтүстік өңірлерде егіс жұмыстары аяқталуға жақын. Бүгінгі күнге дейін өңірде 1,5 млн гектар алқапқа егін егілген. Ал орталық және солтүстік өңірлерде жаппай көктемгі дала жұмыстары басталады. Облыс әкімдіктерінің деректері бойынша, осы жылы жалпы 23,8 млн гектар егіс алқабы игеріледі.

Айта кету керек, биыл көктемгі егіс жұмыстарын жеңілдікпен қаржыландыруға 580 млрд теңге бағытталған. Оның 400 млрд теңгесі қаржы институттарын тікелей субсидиялау тетігі бойынша жылдық таза 5%-бен шаруаларға несие берілмек.

## ЕГІС НАУҚАНЫ ҚАРҚЫНДЫ

Мемлекет басшысының ауыл шаруашылығы дақылдарын әртараптандыру жөніндегі тапсырмасына сәйкес негізгі дақыл саналатын бидай егіс алқабының өзі былтырғымен салыстырғанда 426 мың гектарға қысқарды. Осылайша, ел аумағы бойынша жалпы алғанда 13,3 млн гектар жерге астық себілуде. Ал керісінше майлы дақылдар алаңын 373 мың гектарға және жем-шөп дақылдарын 66 мың гектарға ұлғайту жоспарланып отыр.

Алқаптардың кей жағдайда бейберекет астық сеуіп, артынан мардымды дүние жинай алмай қалатын шаруашылықтардың жұмысын реттеу үшін жасалғанға ұқсайды. Одан бөлек, ылғалды үнемдеу алгоритмі тағы бар.

«Президенттің тапсырмасы аясында суды көп қажет ететін дақылдарды қысқарту бойынша жұмыс жүргізілуде, мақта алаңдарын 16 мың гектарға (116 мың гектардан 100 мың гектарға дейін), күршіт 12 мың гектарға (100,3 мың гектардан 88,3 мың гектарға дейін) азайту болжануда. Сонымен қатар осы жылы егіннің бітік шығын камтамасыз етуі үшін 1,5 млн тонна тыңайтқыш түрлері дайындалған. Оның 900 мың тоннасы отандық зауыттардың өнімі», — деді Үкімет отырысында Ауыл шаруашылығы министрі Айдарбек Сапаров.

Қазірдің өзінде фермерлерге барлығы 453 мың тонна тыңайтқыш жөнелтілгені хабарланды. Бұл 2024 жылға арналған жоспардың 30%-ы ғана болып отыр. Жұмыстар енді басталған астықты өңірлерге қосымша тыңайтқыш жөнелту жұмыстары нақтылануда.

**М**инистрліктің арнайы таратқан Мақпаратына сүйенсек, қазір елімізде ауыл шаруашылығы құрылымдарында егіс жұмыстарына 150 мың трактор, 5 мың тұқым себу кешені, 76 мың кәдімгі сепкіш, 219 мың топырақ өңдеу құралы тартылған. Дегенмен кейбір шаруашылықтарда саны бар, сапасы жоқ техниканың жүргенінен тұрғаны көп болып, көктемгі науқанның көпке созылып кетіп жататынын білеміз. Кейбір шаруашылықтар өзінде бар техниканы жанартуға құлықсыздық танытып та жатады. Сондықтан Мемлекет басшысының ауыл шаруашылығы техникаларын жаңғыртуға байланысты тапсырмасын жүйелеп, шаруалар үшін мол шығын болар

# КҮРШІ азаяды

техника сатып алу мәселесін Үкімет тағы бір реттестіруі қажет-ақ.

## ЕСКІ ТЕХНИКА ЕСТІ АЛАР

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев өз Жолдауында ауыл шаруашылығы техникасын жанарту қарқынын арттыруды тапсырған болатын. Осыған байланысты былтыр «Жасыл Даму» АҚ қаражатынан қосымша 20 миллиард теңге бөлінген. Бұл қаражатқа шаруалар 80-нен астам комбайн мен 450 трактор сатып алған. Техника лизингке 6% мөлшерлемемен және 10 жылға дейінгі мерзімге берілген. Дегенмен жыл сайын шаруашылық техникаларын жанартудың кешенді бастамасы керек-ақ. Кейбір деректерге сүйенсек, еліміздегі ауыл шар-

**М**әселені шешу үшін шаруаларды қолжетімді несие қаражатымен дер кезінде камтамасыз ету керек. Сондықтан биыл салаға бюджет қаражатынан басқа да көздер, соның ішінде екінші деңгейлі банктердің капиталы да тартылатынын айтқан Айдарбек Сапаров осы жылы ерте көктемнен-ақ ауыл шаруашылығы техникасын жанартуға қазынадан 450 млрд теңге бөлінетінін, ал инвестициялық жобаларды қаржыландыруға 800 млрд теңге жұмсалатынын жеткізген.

## ҒАЛЫМЫ АЗ, БАСШЫСЫ КӨП САЛА

**Ш**аруашылық техникасының мәселесін жыл сайын ептеп қолға алып жатқан Үкімет енді ауыл шаруашылығы саласының ғалымдарына үлкен үміт-

рарлық саланың ісін өрге оздырмай отырған сынайлы.

Президент жанындағы ҰҒА зерттеулері бойынша былтырдың өзінде салада 139 шашыранқы жоба іске асырылған екен. Демек, осынша жоба еш тиімсіз жұмыс істеп, тек қазына қаржысын шығын еткен. Бұл ретте ауыл шаруашылығы саласының ғалымдары жүйедегі үш ірі мәселенің астын сызып айтты.

Біріншісі — аграрлық ғылымға бөлінген бюджет қаражатын шашу мен тиімсіз пайдалануды доғару. Бұл ретте ғылыми-зерттеулердің басымдықтары мен тақырыптарын анықтау кезінде жүйелік кемшіліктерді жою және оларды орындауға ғылымның әртүрлі бағытының, сондай-ақ жетекші шетелдік ғалымдардың мүмкіндіктерін тарта отырып, пәнаралық тәсіл негізінде әзірленген ірі ғылыми-техникалық бағдарламаларды (мегагранттарды) іске асыруға көшу. Салалық университеттердің жана білім беру бағдарламаларын әзірлеу. Қазіргі заманғы ғылыми кадрларды даярлау, ең бастысы, аграрлық ҒЗИ-да ғалымдардың тұрақты жұмыспен камтылуы. Нәтижесінде, ғылыми зерттеулер тұрақталмақ.

Екіншісі — ғылыми ұйымдарды басқарудың тиімді жүйесін құру, шетелдің озық технологиясын тарту. Ең бастысы, аграрлық ҒЗИ мен тәжірибелік шаруашылықтарда бюрократия мен ғылымды әкімшілендіру жүйесінен арылту керек. Бұл



Елдар ҚАБА (саламат)



*Мемлекет басшысының ауыл шаруашылығы дақылдарын әртараптандыру жөніндегі тапсырмасына сәйкес негізгі дақыл саналатын бидай егіс алқабының өзі былтырғымен салыстырғанда 426 мың гектарға қысқарды. Осылайша, ел аумағы бойынша жалпы алғанда 13,3 млн гектар жерге астық себілуде. Ал керісінше майлы дақылдар алаңын 373 мың гектарға және жем-шөп дақылдарын 66 мың гектарға ұлғайту жоспарланып отыр.*



уашылығы техникаларының 72 пайызы ескіргені туралы ақпараттар тараған. Бұл туралы былтыр да газетімізде көлемді мақала жариялаған болатынбыз. Орталық пен солтүстікті былай қойғанда, егін себу науқанын аяқтап жатқан Түркістан облысының диқандары да көп техниканың ескіргенін айтып отыр.

Мысалы, Ордабасы ауданындағы шаруа қожалықтары техникасының 70 пайызға жуығы тозып тұрғанын айтады. Оны жанартуға қаржы жоқ көрінеді. Себебі былтырғы орылған бидайға сұраныс болмаған.

Ордабасылық механизатор Қуаныш Серімбетов өзінің мініп жүрген тракторының осыдан 15 жыл бұрын сатып алынғанын айтып отыр.

«Жаңа трактор алуға шама келмей қалды. Былтырғы жылғы орақ камбада тұр. Сатылым болмады. Ал ескі техникамды жаңғыртуға жағдай жоқ. Бөлшектер де қымбаттап кетті. Енді баға арзандамайды деп жатыр, сондықтан лизингке сұраныс жасап көрсек деп отырмыз», — дейді шаруашы шаруа.

пен қарап отыр. Себебі осы уақытқа дейін жөн-жосықсыз жұмыс істеген қожалықтарды қожыратпай бір арнада, бір шешімдер негізінде жүйелеу қажет екеніне көз жетті. Әйтпегенде, өнім мардымсыз, шығын шаш етекпен бола бермек. Жуырда А.Бараев атындағы астық шаруашылығы ғылыми-өндірістік орталығында «Ауыл шаруашылығы саласын түрлі табиғи апатқа бейімдеудегі аграрлық ғылымның рөлі» тақырыбын талқылаған сала ғалымдары көп дүниенің шетін шығарды. Басқосуда климаттың тез өзгеруі мен оның кері әсерінен ауыл шаруашылығы зардап шегіп, орасан зор шығынға ұшырап жатқаны мен адам қателіктерінің зардабы жан-жақты талқыланды. Мұнда арнайы келген Ұлттық ғылым академиясының басқарма президенті А.Күршібаев: «Қазақстандық ғылымның артта қалуының себебі аграрлық зерттеулерді ұйымдастырудың тиімсіз құрылған жүйесі мен басқарудың ескі стереотиптерінен арылуға және табысты әлемдік тәжірибені ескере отырып, өз жұмысын өзгертуге қабілетсіздігінде жатыр», — деді. Шынымен де, жүйесіздік біздегі күллі аг-

ретте А.Күршібаев, қазір елдегі ғылыми орталықтарда ғылыми қызметкерлердің үлесі 9%-дан 45%-ға дейін ғана екенін, ал қалғандары ЭБП мен техникалық персоналдардың үлесінде болып тұрғанын айтты. «Дайын асқа тік қасық» бола қалатын әкімшілік басшылықтан ғылым алға озбайтыны шын.

Үшіншісі — дамыған елдердің тәжірибесі бойынша заманауи ғылыми кадрларды даярлауда зерттеу университеті моделінің мүмкіндіктерін пайдалану. Ғалымдардың пайымы, саланы дамыту үшін алдымен маман даярлау жүйесін ретке келтірген дұрыс. Шынымен де, қазір кез келген салада өзге маман иесі көп. Ауыл шаруашылығында да бұл жағдай ерекше байқалады. Ғалымдар әкімшілік құрылымдарға да ауыл шаруашылығы саласын толық меңгерген өндірісті білетін мамандардың тарылғанын қалайды. Себебі белгілі.

Демек, егінді себу мен орақ науқаны болғаны абзал. Ал ауыл шаруашылығын толық меңгермеген менеджердің малды саудалауды білгенімен, баптаудағы мың сан машақатына басы ауырмайтыны рас.

Жыл он екі ай бойы аграрлық сала еш тоқтаусыз жылжып отыру үшін, ең бастысы, мемлекет науқандық қолдаудан бөлек, тұрақты дамыту алгоритмін қолға алғаны дұрыс. Ғалымдар мен ғылыми орталықтардың да, тіпті қарапайым диқанның да арман-тілегі мен мүддесі осы. Ел экономикасының тірегі болуы үшін шынымен де ғалымдардың сөзіне құлақ асқан жөн.

**Жақында Сенат отырысында ғылым және білім беруді жетілдіруге арналған заң қаралып, онда Scopus базасына енетін халықаралық ғылыми журналдарға мақала жариялау туралы талап докторлық диссертация қорғауға кедергі келтіретіні жөнінде мәселе көтерілді. Сенат Төрағасы Мәулен Әшімбаев журналдарға қатысты пікірлер орынды және ғалымдарымыз үшін шетелдік басылымдарға материал жариялау оңай емес екенін айтып, әйтсе де, жалпы ғылымға қойылатын талапты төмендетпеу керегін алға тартты.**

Айдана НҰРМҰХАН

«Ғылым жан-жақты зерттелген қадамды талап етеді. Сондықтан PhD-ді қорғауға арналған критерийлерді төмендетуге болмайды. Болон жүйесіне көшер алдында мұндай олқылықтың болғанын білеміз. Сол кезеңде кандидаттар мен докторлардың көбейіп кеткенін және олардың қалай қорғағанын көрдік. Сол кезге қайта оралмау үшін PhD-ді өз деңгейінде ұстап отыруымыз қажет. Жеңіл жолмен қорғаған он PhD-ден гөрі бір-екі нағыз ғалымды тәрбиелеп шықсақ, елдің ғылымына да, экономикасына да көбірек пайдалы болатыны анық», — деді Мәулен Әшімбаев.

Ал бүгінде докторантураның білім беру бағдарламасының теориялық оқу курсы менгеріп, бірақ докторлық диссертациясын қорғай алмай жүрген докторанттар саны артып барады. Қорғау кезеңінен қорқып, бірқатары тіптен оқудан шығып кетіп жатыр. Көбіне кедергі — ғылыми басылымдарға, әсіресе, Scopus базасына енген журналдарға мақала жариялау. Өкінішке қарай, Ұлттық статистикасы бюросы оқуға қабылданған және оқуын бітірген докторанттарды ғана тізімдейді, ал қорғап-қорғамағаны жайлы мәлімет жоқ. Әйтсе де, Сенатта көтерілген мәселенің барын ғалымдардың көбі растайды. Мәселен, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті Педагогика және психология институтының «Арнайы педагогика» мамандығында 2-курс докторанты Досжан Токтарұлы қазір ғылыми мақала жариялау әр докторант үшін айтарлықтай қиындық тудыратын мәселе болып отырғанын айтады.

— PhD дәрежесін алу үшін қойылған талаптарға сәйкес, KКСОН тізіміне енетін журналға 3 мақала, халықаралық конференция материалдарына 3 мақала және Scopus базасына кіретін журналға 1 мақала жариялауымыз керек. Менің зерттеу салам — «Арнайы педагогика» бойынша елімізде KКСОН базасына енетін нақты журнал жоқ. Сол себепті жалпы педагогика бойынша KКСОН базасына енетін басылымдарға мақала жариялауға тиіспіз. Ал KКСОН базасына енген педагогика бағыты бойынша журналдар да және олардың сериялары да өте аз. Сәйкесінше, онда мақала беретін зерттеушілер көп, ұзын-сонар кезек. Сондықтан мақала шығаратын кезде қиындыққа тап боламыз. Сондай-ақ докторант KКСОН базасына енетін журналға мақаласын жариялап, кейін ол журнал базадан шығып калса, онда басқа журналға қайта мақала жариялауға тиіспіз. Мұнда уақыт жоғалтамыз әрі психологиялық күйзеліс тудырады. Зерттеушінің KКСОН журналына мақаласы жарияланса, ол журнал базадан шығып калса да докторанттың мақаласы KКСОН журналына енген мақалалар тізімінде сақталуы керек деп санаймын. Scopus базасына енетін журналға мақала бергеннен гөрі Ғылым министрлігінің Бақылау комитетінің тізіміне енетін журналдар санын, олардың серияларын көбейту керек. Scopus базасына енетін журналға мақала шығару — басқа адамдардың табыс көзіне айналып бара жатқаны және оған мақаланы өзі жазатын докторанттар саны аз екені ақиқат. Scopus журналына мақала шығару талабының орынна KКСОН базасына енетін журналдар санын көбейте отырып, олардың төлемакысын көтерген дұрыс болар еді. Шетелдік журналдарға берген ақшаны еліміздің журналдарына төлегеніміз игі. PhD дәрежесін



## ҒАЛЫМҒА ДА, ҒЫЛЫМҒА ДА ҚОЛАЙЛЫ ЖОЛ ҚАЙСЫ?

қорғауды жеңілдету керек. Ғылыми кеңестерді көбейтсе, қорғауға қойылатын талаптарды жеңілдетсе, яғни ғылыми басылымдар санын көбейте отырып, Scopus журналына мақала жариялау талабын алып тастаса, көптеген PhD дәрежесіне қол жеткізе алмай жүрген зерттеуші үшін оң шешім болар еді, — дейді зерттеуші.

### АКАДЕМИЯЛЫҚ ЖАЗУ ИНСТИТУТЫ ҚАЗЕТ

Докторанттар шетелдік басылымдарға мақала жариялау кезінде қиындықтарға тап болатыны себебінен осындай шаруамен айналысатын агенттіктерге жүгініп жатады. Алайда олардың қызмет көрсету құны қымбат. Елімізде Scopus базасына енетін халықаралық ғылыми журналдарға мақала дайындау және жариялауға көмектесу қызметінің ақысы 5 мың мен 7 мың АҚШ долларының арасын қамтиды. Әрі 1,5-2 жыл уақытты қажет етеді.

Елімізде осы бағытта жұмыс істейтін ұйымның бірі — SciPubl INDEX-KZ. Аталмыш компания редакторы, The Journal of Behavioural Sciences (Cambridge University Press) журналының халықаралық рецензенті Ләззат Смайлхан докторанттардың шетелдік беделді журналдарға мақала жариялай алмауының себебін былай түсіндіреді.

— Шын мәнінде, шетелдік басылымдарға ғылыми мақала жариялаудың қиын болатын себебі — академиялық жазу дағдысын Қазақстандағы тек бірқатар ЖОО-да, оның өзінде қысқа курспен ғана үйретеді. Ал бұл сапалы жарияланымға қол жеткізу үшін, сондай-ақ ресейлік және украиндық бірқұндік компаниялар арқылы қате жарияланымнан аулақ болу үшін аса қажет. Ғылыми жобаның нәтижесі бойынша сапалы ғылыми мақала жазуға қажетті академиялық жазу өнерінің өзіндік қыр-сыры, қиындығы бар. Бұл дағдыны бір күн немесе бір айда меңгеру мүмкін емес.

2010 жылдың наурыз айында Қазақстан Болон білім беру жүйесіне көшті. Бұл — шетелде ғалым ретінде танылудың ерекше мүмкіндігі. Көптеген жас докторант өте сапалы зерттеулер жазады, бірақ, әдетте әр пәндік саланың өзіндік жазу стилі, жарияланым ережелері болады және жас докторантқа академиялық жазуды білместен ғылыми жарияланымдар жүйесіндегі жаңалықтарға бейімделу қиынға соғады. Осыған байланысты қорғау алдында күрделі мәселелер туындайды. Болон жүйесі — жоғары білімді демократияландырудың бір түрі. Оның жағымсыз жақтарынан гөрі жақсылығы көп. Ғылым дамуы керек, Қазақстан халықаралық рейтингте 93-орыннан кем дегенде 60-орынға көтерілуі тиіс. Бұл — әр университеттің және әр ғалымның жеке еңбегі. Білім берудегі жаңа трендтерді белгілеу керек, әлемнің үздік университеттерінің ғалымдарымен серіктесе алуымыз шарт. Ол

үшін үздік басылымдарда мақала жариялау қажет. Мұндай ғылыми жарияланымдар шетелдік зертханалармен ынтымақтастыққа үлкен мүмкіндік ашады, зерттеудің жаңа әдістерін, жаңа ғылыми тәжірибелерді түсінуге, ғалымның сапалы ғылыми мақаласы арқылы әлемге танылуына, халықаралық ғылыми аренаға шығуға және өзінің ғылыми имиджін арттыруға көмектеседі. Докторанттар үшін бұл білім және ғылыми тәжірибемен алмасу үшін академиялық ұтқырлыққа қатысу үшін үлкен мүмкіндігі.

Бірақ біздің білім беру жүйесінде сапалы зерттеу жазу механизмін, Academic Writing мәселелерін түсіну мүмкін емес. Қысқа мерзімді пәндер болашақ ғалымдарға толық ақпарат бере алмайды. Шетелде жас докторанттар бір орында тұрмайды, олар бұл салада ұдайы даму үстінде жүреді, өйткені Academic Writing ғылым статусын алудағы негізгі шарттардың бірі.

Өкінішке қарай, бізде Academic Writing деңгейі өте төмен. Академиялық жазу саласындағы үздік кадрлардың ұстасы ретінде жеке академиялық жазу институтын ашу қажет және академиялық жазу бойынша дәріскерлерді шақыру, толыққанды оқу курстарын өткізу немесе Academic Writing пәнін бакалавриаттың бірінші курсынан бастап міндетті пәнне енгізу қажет. Академиялық жазу мектебінің болмауы докторанттардың сауатсыздығын тудырады және оларға Scopus ғалымдарының материалдарын түсінуде үлкен қиындық туғызады, оларға академиялық жазудың мәнін түсіну қиын, зерттеудің өзі туралы айтпағанда, ғылыми диссертациясының атауын дұрыс құрылымдай алмай жатады. Сол себепті Білім министрлігі Қазақстан ғалымдары үшін академиялық жазу институтын ашу қажеттігі туралы мәселені назарға алады деп үміттенемін, — дейді сарапшы.

### БІЗДЕ ИНСТИТУЦИОНАЛДЫҚ БАҚЫЛАУ КЕҢЕСІ ЖОҚ

Джордж Вашингтон университетінен ғылыми тағылымдамдан өтіп жатқан қауымдастырылған профессор Карлыға Мысаева докторанттарға институционалдык қолдау болуы қажет екенін айтады.

— Қазақстандық PhD дәрежесін алушыларға қойылатын талаптарды ғылыми әлеуеті жоғары елдердің бірі АҚШ-тағы PhD докторантурада оқумен салыстыра қарастырып көрейік. Ең алдымен оқу уақыты мен ұзақтығы: Қазақстанда PhD бағдарламалары 3 жылға есептелген, ал АҚШ-тағы PhD бағдарламалары әдетте 4 жылдан 7 жылға дейін немесе одан да көп уақытқа созылады. Бірақ АҚШ-та орташа алғанда докторанттардың басым бөлігі 5 жыл көлемінде аяқтауға тырысады. Бұл елде докторант алғашқы екі оқу жылында тек ғылыми зерттеу теориялары мен өзі таңдаған тақырыбына қатысты

әдебиетке, ғылыми еңбектерге шолу жасаумен айналысады. Ғылыми зерттеу тақырыбына қатысты әдебиеттермен толығымен танысып, өзіне қажетті материалдар жинақтайды. Содан кейін диссертация тақырыбына сай таңдалған ғылыми зерттеу теориясы мен зерттеу әдістеріне сәйкес сандық немесе сапалық зерттеу жүргізу үшін университеттің Институционалдык бақылау кеңесінен (Institutional Review Board, IRB) рұқсат алуы керек. Оған бір айдан үш айға дейін уақыт кетуі мүмкін. Бұл — негізінен ғылыми зерттеу тақырыбының жаңашылдығын, зерттеу әдістері мен сұрақтарының тақырыпқа сәйкестігін және зерттеу объектісінің дұрыс таңдалуын толығымен тексеретін этикалық кеңес. Докторант IRB рұқсатын алғаннан кейін ғана зерттеу жүргізу құқығына ие болады. Өкінішке қарай, біздің елде IRB секілді ғылыми зерттеуді этикалық тұрғыдан қарастыратын кеңес барлық жоғары оқу орнында бірдей жұмыс істей бермейді. Сонымен қатар докторант ғылыми зерттеуін жүргізгенде барлығының ашық, шынайы және сапалы жүргізілуіне ерекше мән береді. Мәселен, сауалнама немесе сұхбат жүргізілген болса, оған қойылатын талаптарды толығымен орындауы шарт. Көп жағдайда АҚШ-та докторант зерттеуді үшінші курстан бастайды және тек зерттеуге бір жыл уақыт кетуі мүмкін. Сондықтан докторанттар оқуының төртінші жылында ғылыми теорияны зерттеу нәтижесімен байланыстыра диссертациясын жаза бастайды. Жалпы алғанда, бес жылда докторанттың диссертациясы толығымен жазылып аяқталуы мүмкін. Отбасылық, қаржылық немесе денсаулығына байланысты мәселелерге қатысты одан да ұзақ уақытқа созылады. Уақыттың тым ұзаққа созылуы көп жағдайда ғылымға қызығушылықты жоғалтуға немесе ғылымнан жалығуға әкелуі мүмкін деген ұғым да бар. Десек те, біздің елмен салыстырғанда, АҚШ-та докторанттарға уақыт жағынан шектеу жоқ. Ең бастысы, ғылыми зерттеу жұмысының, яғни диссертациясының сапалы жазылуы жоғары маңызға ие. Қазақстанда докторантурада үш жыл оқу жеткілікті ме? Егер қазіргідей Scopus базасындағы журналға материал жариялау деген талап сақталса, жеткіліксіз. Себебі Scopus базасына енетін ғылыми журналға бір материалды жазуға және шығаруға кем дегенде бір жыл уақыт жұмсалады. Осы тұрғыдан алғанда, ғылыми зерттеу еңбегінің апробациясы тек Scopus базасындағы журналға материал шығаруға негізделген деген талап қалдырылатын болса, оқу ұзақтығы тағы бір жылға созылуы керек. АҚШ-та мұндай талап жоқ. Бірақ докторанттар өздері жасаған ғылыми зерттеу жұмысын ғылыми конференцияларға жиі ұсынады, сол жерде талқыға салады. Ал диссертациясын аяқтағаннан кейін міндетті түрде сол бойынша мақала немесе кітап ретінде ғылыми жетекшімен бірігіп жариялайды. Сонымен қатар біздің докторанттарда қалыптаспаған бір әдет — уақытты басқара білу. Атқаратын іс көп, оны жасауға берілген уақыт небәрі үш жыл. Бұл біздің заманамыздың мантрасы болса керек. Жаңа мүмкіндіктерге қол жеткізу үшін уақытты дұрыс пайдалануды үйрену қажет. Докторанттар нақты уақыт кестесімен жұмыс істеген кезде ғана сәттілікке қол жеткізе алатынын түсінуге тиіс. Олардың есінде сақталуы тиіс нәрсе ғылымға қойылатын талап өте жоғары. Сондықтан докторанттар зерттеудің сапасына мұқият назар аударуы маңызды. Институционалдык қолдау болуы қажет. Докторанттардың халықаралық ғылыми конференцияларға қатысуы, зерттеу тақырыбының нәтижесі бойынша ғылыми жарияланымдары олардың диссертацияны қорғауына ғана емес, олардың академиялық ортаға қосылуына мүмкіндік беруі керек. Бізде көп жағдайда диссертацияның сапасына емес, докторанттың Scopus базасындағы журналға баса назар аударылып кеткен сияқты. Сондықтан біздегі соңғы жылдары қорғалған докторлық диссертациялар мазмұнына талдау жасау қажет. Яғни, біздің жас ғалымдардың ғылыми әлеуетін бір Scopus базасындағы мақаламен бағалау осы саладағы назар аударылатын басты мәселенің бірі, — деп атап өтті Карлыға Нақысбекқызы.

Елімізде әртүрлі салада өзекті әрі ғылыми дәреже алуға әбден лайық зерттеулермен айналысып жүрген жас ғалым көп. Алайда ғылыми мақала жариялау мәселесі көбіне қолбайлау болып тұр. Ал Сенатта нағыз ғылымға талап жоғары болуы керектігі айтылды. Ғылымға да, ғылымға да қолайлы шешім қандай?!

– Досалы Исаханұлы, қайраткер азамат Сұлтанбек Қожанұлының еңбек жолы оқытушылықтан басталған екен. Ол кісінің ел мүддесі жолындағы саяси қызметі қай кезеңнен басталды?

– Сұлтанбектің алғаш рет ауылдан жыраққа білім қуып, сапарға шыққаны жөнінде Созақтық көнекөз қариялардан қалған мынадай бір әңгіме бар. Әкесі Сұлтанбекті атының артына мінгестіріп Түркістанға кетіп бара жатқанда, ауылдасы: «Әй, Қожан, қайда барасың?» деп сұраған екен. Сонда Қожан: «Мына балам оқимын деп қоймайды, соны оқуға алып кетіп барам», – дегенде ауылдасы: «Ой, баланы оқытып не қыласың, одан да байдың қозысын, лағын бағып, мал тапсын. Оқығанда «жарты патша» болады дейсің бе?» – депті. Кейіннен Сұлтанбек Қожанұлы үлкен мемлекет қайраткері болғанда әлгі ауылдасы, сол сөзі үшін қатты ұялған екен дейді. Сұлтанбек Қожанұлы 1913-1917 жылдары аралығында Түркістан қаласындағы мұғалімдер семинариясында білім алды. Оны бітіргеннен кейін, мұғалім болып жұмыс істеді. Сол кезеңдегі ел ішінде болып жатқан аласапыран өзгерістерге байланысты қоғамдық-саяси істердің бел ортасынан бірақ шықты. Дегенмен де, қоғамдық-саяси істермен қатар жауапты қызметтерді атқара жүріп ұрпақ тәрбиесі мен жастарға ана тілінде сапалы білім беру ісін қаперден шығармады. Ұдайы баспасөз бетінде білім саласына қатысты мақалалар жазды. Арнайы оқулықтар жазып шығарды. Сұлтанбек Қожанұлының «Балалар білімді де, тәрбиені де өз ана тілінде алуы керек. Жат тіл-тәрбие ісінде қиын, түсінуге ыңғайсыз, құр жол бөгеу. Ұлт мектептері жоқта оқығандардың көбі тілмаштар, арамқорлар болып шықты» – деуінің астарында қаншама шындық жатыр десеңізші.

Сұлтанбек Қожанұлы Түркістан өлкесіндегі Сырдария облыстық орталық атқару комитетінің төрағасы және 1920-1924 жылдары аралығында Түркістан Республикасының Ішкі істер халық комиссары, Түркістан Республикасының оқу-ағарту халық комиссары, Түркістан Республикасының жер-су халық комиссары, Түркістан Республикасының Орталық атқару комитеті төрағасының орынбасары және «Ақ жол» газетінің редакторы сынды жауапты кеңестік, партиялық, қоғамдық қызметтерді атқарып шындалды. Сұлтанбек Қожанұлының саяси қайраткерлік тұлғасының жарқырап көрінген кезі осы тұс.

– Сұлтанбек Қожанұлының Алаш қайраткерлерімен қарым-қатынасы қалай болды, сол жайында айтсаңыз...



*Сұлтанбек Қожанұлының «Балалар білімді де, тәрбиені де өз ана тілінде алуы керек. Жат тіл-тәрбие ісінде қиын, түсінуге ыңғайсыз, құр жол бөгеу. Ұлт мектептері жоқта оқығандардың көбі тілмаштар, арамқорлар болып шықты» – деуінің астарында қаншама шындық жатыр десеңізші.*

– Сөз жок, 30-жылдардың басында Алаш қайраткерлерінің басына қиын-қыстау заман туғанда оларға қол ұшын беріп, көмектескен азаматтың бірі де Сұлтанбек Қожанұлы. Бұл оның Алаш орда құрамында болмаса да, ұлттық мүдде жолындағы күресте алаштықтармен идеялас, мүдделес болғанын көрсетеді. Осы ортақ мүдде оларды жақындастырды. Қазақ кеңестік автономиясынан пана таппай қуғындалған Алаш қайраткерлері: А.Байтұрсынұлы, М.Дулатұлы, М.Жұмабаев, Х.Досмұхамедов, Ж.Аймауытов, Х.Болғанбаев, М.Есполов сынды марқасқа қайраткерлерді әртүрлі қызметке алды. Халқымыздың ақиық ақыны Мағжан Жұмабаевтың өлеңдер жинағына алғысөз жазып, жарыққа шығуына көмегі тиігізді. Алашордашыларды жан-жақтан

**Биыл  
ҰЛТЫМЫЗДЫҢ  
ардақты ұлдарының  
бірі, мемлекет қайраткері  
Сұлтанбек Қожанұлының  
туғанына – 130 жыл. Қазақ елінің  
ғана емес, туысқан түркі тілдес  
халықтардың да мемлекеттілігі,  
мәдени-ағарту мәселесінде өшпестей  
із қалдырған тарихи тұлғаның мұрасын  
түгендеп отыру елдік істің белгісі болса  
керек. Осы орайда Қаныш Сәтбаев  
атындағы ҚазҰТЗУ-дың профессоры,  
Қазақстан педагогикалық ғылымдар  
академиясының академигі  
Досалы Салқынбекті әңгіме  
тартқан едік.**

табалап, қуғындап, оларға тас лақтырып жатқанда: «Қазақтар арасындағы төңкеріс туралы мәселе қозғағанда, Абай Құнанбайұлы мен Ахмет Байтұрсынұлын айналып өтуге болмайды. Олар қазақтар арасында төңкерістің дамуына, көп еңбек сіндіргеніне күмән келтіруге болар ма екен? Қазір төңкерісшілердің барлығы да Абай мен Ахметтің шәкірттері болып табылады», – деп оларды ашық түрде қорғап шықты. Кейінгі жылдары Сұлтанбек Қожанұлы «ұлтшыл», «топшыл» деп айыптап, үстінен арыз жазушылар мен қуғындаушылар үнемі осы Алаш қайраткерлеріне жасаған қамқорлығын алға тартып, кінәлаған болатын.

– 1924-1925 жылдары Орталық Азия республикаларының аумағында ұлттық-шекаралық тұрғыда межелеу жұмыстары жүргізілді. Сол кезде бұрын Түркістан Республикасына қарап келген, қазақ облыстарын Қазақ автономиясына қосу жұмысының басында да Сұлтанбек Қожанұлы жүрді ғой

– Иә, Сұлтанбек Қожанұлының ұлт мүддесі жолындағы күресінің айқын көрінісі, осы ұлттық аумақтық межелеуді жүргізу барысында көрінді. Қазақ, Қырғыз, Өзбек, Түркімен, Тәжік, Қарақалпақ халықтарының саяси және экономикалық өміріне тікелей қатысты бұл жауапты шараны өткізу оңайшылықпен іске асқан жоқ. Осы бір жауапты кезеңде Түркістан Орталық атқару комитеті төрағасының орынбасары, РК(б)П ОК Орталық Азия

биоросының мүшесі қызметтерін атқарған Сұлтанбек Қожанұлы бұған дейін Түркістан Республикасының құрамында болып келген Сырдария мен Жетісу облыстарының аумағындағы біраз жерлерді «қарпып» қалғысы келген, өзге республикалар басшыларына батыл тойтарыс берді. Сұлтанбек Қожанұлының алға қойған басты талабы Қазақ Республикасын ұлттық республика ету және Ресейдің құрамындағы автономиялы республика емес, КСРО-ға тікелей кіретін одақтас республика ету болды. Қазақ автономиясының құқықтық мәртебесін кеңейтіп, одақтас республикаға айналдыру Қожанов секілді тұлғалардың басты армандарының бірі болатын. Сондықтан осы мәселеге байланысты негізгі дәйектер мен пікірлерді ұсына отырып, қайраткер тұлға Орталық комитеттің атына «Орталық Азиядағы ұлттық межелеуге

байланысты, Қазақстан жөнінде» деген қазақстандық комиссияның атынан хат ұйымдастырады. 1924 жылы қыркүйек айының 25-28 күндері аралығында болған РК(б)П Қазақ облыстық комитетінің екінші пленумының күн тәртібінде қаралған негізгі мәселелердің бірі Қазақ АКСР-на Түркістанның қазақ аудандарының қосылу жағдайы болды. Пленумға Түркістан қазақтарының атынан қатысқан С.Қожанұлы, С.Есқараев, Ж.Бариев және Түркістан ОАК-ті Қазақ АКСР-ның өкілі Т.Жүргеновтер ұлттық аумақтық межелеуге, астананы ауыстыру мәселесіне, ұлттық республика құру ісіне байланысты өткір пікірлерін айтып, осы мәселелерді іске асыру жұмыстарын жүргізуге табанды талаптар қойды. Әсіресе, Сұлтанбек Қожанұлының ұлт мәселесіне байланысты өткір де орынды пікірлері шовинистік өктем оймен уланған Қазақ обкомының мүшелері Равдель, Ежов, Бах сияқтылар тарапынан қарсылыққа ұшырады. Сұлтанбек ұлттық мәселелерді шешуде халқымыздың мүддесін көздеп, «республикамыз ауылшаруашылықты ел, елдің халқы негізінен мал шаруашылығымен айналысады, қазақтар мен орыстардың малы бірдей болғанымен де орыстардың иемденіп отырған жері қазақтарға қарағанда бес есе көп болып отыр» деп ұлттық теңсіздіктің жасалып отырғанына баса назар аударды.

1924 жылы 28 қыркүйекте межелеуге байланысты Сұлтанбек Қожанұлы қортынды сөз сөйлеп, мемлекет үшін саяси және ұлттық маңызы бар мәселелерді шешуде, қорғауда кәнігі қайраткер екенін тағы бір қырынан көрсетті. Сұлтанбек Қожанұлы қорытынды сөзінде ұлттық республика құру мәселесіне тағы да тоқталып: «Мен ұлттық республика құру мәселесі жөнінде тағы да айтқым келді, бұл мәселе барлық өткірлігімен және кендігімен қойылуға тиіс. Біз аса қажырлы ғана болған жоқпыз, біз дөрекі де болдық, бірақ Ташкентті ұстап тұра алмадық. Ал енді біз сіздердің алдарыңызда Орынбордан ауысасыздар ма деген сұрақты қоямыз», – деген болатын. Ташкент қаласы жөнінде жасалып жатқан әділетсіздікке көнбей «Мен обкомның үшінші рет Ташкентті бізге қосу мәселесін сұрап отырғанын қолдаймын, бірақ мен бізге Ташкентті емес, Шымкентті де бермей қояма деп қорқамын. Бізге Әулиеата немесе Қазалыны ұсынбаса және бізге Шымкент үшін күресуге тура келер», – деп қортындылайды. РК(б)П Қазақ обкомының II пленумында межелеуді жүргізу жөніндегі және Қазақ халқының болашағы үшін айтылған мәселелер мен қабылданған қаулылардың барлығы да аса маңызды еді.

Бірақ межелеу барысында талас тудырған Ташкент қаласы мен Ташкент уезіндегі біршама жердің тағдыры біздің пайдамызға шешілмегені белгілі. Қазақ халқының әлеуметтік-экономикалық, саяси және мәдени-рухани өмірінде үлкен маңызды орны бар бұл мәселелерді шешуде РК(б)П Қазақ обкомы жалтақтық, жайбасарлықпен табансыздық танытты. Дегенмен де, 1924 жылдың соңында Орталық Азия республикаларының аумағын межелеу жұмыстары аяқталғаннан кейін, бүкіл қазақ жерлері бір мемлекетке біріктіріліп, Қазақ АКСР-ның қалыптасуы аяқталды. Республикамыздың аумағы 700 мың шаршы километрге жуық ұлғайды, халқымыздың саны 1 миллион 468 мың адамға көбейді. Қазақтар республиканың барлық халқының 61.3% пайызы болып көпшілікке айналды. Осы орайда Сұлтанбек Қожанұлы бастаған халқымыздың ұлтжанды қайраткерлерінің ұлттық аумақтық межелеуді жүргізу жұмысы барысындағы халқымыз үшін қызметін, жер-ана үшін күресіп астын сызып тұрып, үлкен мақтаныш сезімімен айтамыз.

Қайраткер 1924 жылы қараша айында жаңадан құрылған РК(б)П Қазақ обкомының жауапты хатшысы, 1925 жылы ақпан айында Қазақ өлкелік партия комитетінің екінші хатшысы болып Қазақстанда 11 айдай ғана қызмет атқарды. Ол өзара тартыстың салдарынан болып отырған аса ауыр саяси келеңсіздіктермен күресті. «Жегі құрттай» іштен жеген топшылдықпен жершілдік, рушылдық алауыздықтар жөнінде 1925 жылы мамыр айында өткен Қазақ өлкелік партия комитетінің алқа мәжілісінде былай деп мәлімдеген болатын: «Қазір біз Қазақстанның ішкі құрылысының қызу практикалық жұмыстарына көштік, соған сай осыған дейінгі тоқырау жағдайында төзуге болған жағдайларға енді төзуге болмайды. Бізге өзіміздің орталығымызды құру, біртұтас қазақ республикасын құру, бұл республиканың ішкі жабдықталуы, Қазақстан шаруаларына қызмет ету жөнінде кезек күттірмейтін шараларды атқаруымыз керек. Осы алдымызда тұрған орасан зор міндеттердің алдында, топшылдыққа төзу, бір-бірінің ізін аңдумен айналысуға жол беру, бастықтарға жағыну, жаулық ниеттегі қандай да бір топтардың қолында тұрған істерді атқаруға жол беру, біздің тарапымыздан қылмыс болып саналады».

Бірақ ішкі алауыздық одан сайын өрши түсті. Біздің «салпаң құлақ желаяуыздар» жанып тұрған отты, одан әрі үрлей түсіп, Сұлтанбек Қожанұлы секілді қайраткерлердің өзіне «топшылдықтың» жетекшісі



# ҰЛТЫН





деген айдар тағып, орталыққа оның үстінен жалған арыздарды жөнелтіп жатты. Жеке бастың қамын күйттеген қорқаулардың арамза ниетіне орай «жарылқаушы» Мәскеу Қазақ елінің басшылығына Ф.Голощекин секілді қолшоқпарын жіберді. Халқымыз үшін қасіретті қаралы кезең осыдан басталған болатын.

— Сұлтанбек Қожанұлының астананы ауыстыру және Қазақ атауын қайтару мәселесіне де атсалысқан деседі...

— 1925 жылы 15-19 сәуір күндері Ақмешіт қаласында Қазақстан кеңестерінің V құрылтайы өтті. Бұл бүкіл Қазақ жерлері біріктірілгеннен кейінгі өткізілген тұңғыш Бүкілқазақтық құрылтай еді. Жалпы, сәуір құрылтайы туралы сөз қозғағанда қоғам және мемлекет қайраткері Сұлтанбек Қожанұлының еңбегін ерекше атап өтеміз. Оның өзіндік себептері де бар. Өйткені Сұлтанбек Қожанұлының ұлт мүддесі жолындағы бұған дейінгі күресінің бүкіл болмысы ұлттық республика құру, бөлшектенген Қазақ жерінің біртұтастығын қалпына келтіру, ұлт мектебін құру, Қазақстанда мемлекет тілін Қазақ тілі ету жолындағы күресінен көрініс тапса, бүкіл Қазақ жерін біріктіру ісі аяқталғаннан кейінгі жауапты қызметінде Қазақ Рес-



1924 жыл. Орталық Азия республикаларын ұлттық межелеу жөніндегі комиссия. Оң жақтан санағанда орындықта бірінші отырған Сұлтанбек Қожанұлы

# СҮЙІГЕН

## ардақты ұл

публикасының астанасын Қазақ халқы көбірек шоғырланған қалаға ауыстыру ісінде айқын көрінді. Жоғарыда тоқталып өткеніміздей Орталық Азия республикаларының аумағын межелеуді жүргізу барысында Сұлтанбек Қожанұлы Ташкент қаласын Қазақ республикасының астанасы ету жолында аянбай күресті. Өз ойларын Сталиннің алдында дәлелдеп, дәйектеді де. Бірақ Орталық Азия республикаларына қатысты терең ойластырылған зымиян әрекеттерді қолға алған Мәскеу, Сұлтанбек Қожанұлы бастаған қазақ оқығандарының арман-мақсатына кедергі жасап, Ташкент қаласын Өзбекстанға беріп жіберген еді. Ендігі кезекте, Қазақ халқының әлеуметтік-саяси, рухани-мәдени және экономикалық өмірінің локомотиві болатын астана мәселесін Сталиннің атына жазған хаттарында батыл көтерді және «Ақ жол» газетінің бетінде бірнеше мақала жазды. «Іс жүзінде орындалу керек» деген мақаласында астана жөніндегі ойын: «Қазақстан астанасы орыстың туы тігілген қалада емес, Қазақ ұлт жұртшылығына жуық болуы керек. Қазақ астанасы болуға Орынбор қаласы шетте болғандықтан ғана жарамсыз емес. Қазақ қаласы болмағандықтан, Қазақ ұлттық мемлекетінің ұлтшылдығына орда болуына қисыны жоқтықтан жарамайды. Қазақ ұлт мемлекетшілігіне әдемі қала, ыңғайлы үйлер керек емес, жаман да болса өз ордасы болуы керек. Орынбордан көшпей, Қазақ ұлтының ішкі тіршілігі оңдалып, Қазақ еңбекшілерінің көпшілігінің қалпы қамына керекте шаралар іс жүзінде істелуі қиын», — деп дәйектеген болатын. Сұлтанбек Қожанұлы 1925 жылы Қазақ өлкелік партия комитетінің 2-хатшысы болып істеген кезінде, астана мәселесін батыл түрде күн тәртібіне қойып, оны Қазақ халқы тығыз қоныстанған Ақмешіт қаласына ауыстыруға қол жеткізді. Сұлтанбек Қожанұлының тұлғалық қасиетін, саяси қызметін сөз еткенде халқымыздың тарихи атауын қайтару жолындағы еңбегін айналып өту мүмкін емес. Отаршылар бұрмаланған халқымыздың төл атауын қайтару ісінде Әлихан Бөкейхан, Ахмет Байтұрсынұлы, Міржақып Дулатұлы және тағыда басқа Алаш қайраткерлері аз еңбек сіңірген жоқ. Ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлы қоғам қайраткері Міржақып Дулатұлы тізе біріктіре отырып шығарған газеттің атауын

«Қазақ» деп айқайлатып қоюның астарында терең мән бар еді. Кеңес өкіметі орнағаннан кейін, сол кеңестік билік саласында лауазымды қызметкер атқарған С.Сейфуллин, С.Сәдуақасов сынды қайраткер тұлғалар да бұл мәселені көтерді. Кеңестік кезеңнің алғашқы жылдарында Алаш қайраткерлері, Кеңестік билік тарапынан қуғындалып, мұндай саяси аса мәні бар мәселені көтеруге мүмкіндігі болмаса, сол кеңестік билік жағында үлкен лауазым атқарып жүрген қайраткерлер тарапынан батылдық жетпеді. Бұлар тарапынан баспасөз бетінде ұсыныс-пікірлер айтылды, мақалалар да жазылды. Бірақ негізгі мәселе сол ұсыныс-пікірлерден әріге аса алмады. Ұлтымыз үшін мұндай саяси-әлеуметтік аса маңызы бар мәселеде, қайтпас қайсарлық, ұлтжандылық және алған бетінен қайтпайтын табандылық керек еді. Сұлтанбек Қожанұлының бүкіл болмысында мұндай қасиеттер бар болатын. Ол Қазақстан кеңестерінің V құрылтайында сөз алып, батыл түрде халқымыздың дұрыс тарихи атауын қайтаруды, яғни қырғыз атауымен бұрмаланып келген халқымыздың Қазақ атауын қайтаруды күн тәртібіне қойып, Қазақ атауын қайтартқызы. Осы құрылтайда Ақмешіт қаласының атауын Қызылорда деп атау жөніндегі ұсынысты жасаған да Сұлтанбек Қожанұлы болатын.

— Сұлтанбек Қожанұлының тілімізді ұлттық мәдени мұраларымызды қорғау жолындағы қызметі жайында не айтар едіңіз?

— Сұлтанбек Қожанұлының батыл түрде күн тәртібіне қойған келесі бір өзекті мәселелердің бірі, ол мемлекеттік тіл мәселесі еді. Бүкіл қазақ жерінің бірігуі аяқталып, қазақтар өз жерінде көпшілікке айналып, ұлттық мемлекет құруға қадам басқан кезеңінде «Ақ жол» газетінде «Мемлекет тілі Қазақстанда қазақ тілі болмақ. Осы күнге дейін бұған кесір болып келген — Қазақстан халқының көбі орыс болғандығы һәм Үкімет басындағы, кеңсе қызметіндегі қазақ азаматтары орыстыққа жаттығып, орыс болып кеткен адамдар болғандығы. Көбісі қазақша білмейді. Қазақшаны осы күні орыстармен бірге үйреніп жүргендері екінің бірінде көресін» — деп қазақ тілінің мемлекеттік тіл болуына тұсау салып жүргендердің бетпердесін ашқан болатын. Бір ғасыр бұрын

айтылған қайраткер тұлғаның пікірінің бүгінгі күнді де алдымызда тұрғанын қараңызшы! Және Тәуелсіз Қазақстан жағдайында мемлекеттік тілдің өркендеуіндегі тосқауылды жағдайының ертеден бері жазылмай келе жатқан сырқатты жара секілді ауру екенін ашып көрсетеді. Ал жараны емдемесе, оның арты үлкен қатерге ұрындыратыны белгілі жағдай. Сонымен қатар ертеден Түркілер дәуірінен бері ұлттық мейрамымыз, жаңа жылымыз деп тойланып келе жатқан наурыз мерекесін жойып жіберуге тырысқандарға қарсы: «22-інші март — Наурыз мейрамы. Күншығыс халқына тегіс мейрам қылып өткізу салт болған күн. Мұны көп білгіштер дін мейрамы деп жиреніп, лажды болса құртып жіберу керек деп сопышылсынып, аңқау елге арамза молдалық соғатын қазақ коммунист жолдастардан бар екен... Наурыз — жыл басы. Наурыз — күн мен түннің тене-ліп, күннің асып кетіп бара жатқан уағына дәл келетін мейрам», — деумен Наурыз мейрамын тәрх еткісі келген «шалақ белсенділерден» қорғап қалады. Бірақ Сұлтанбек Қожанұлы және тағы да басқа ұлтжанды қайраткер қызметтерінен алынып, қуғындалғаннан кейін әлгі «шалақ белсенділер» жарылқаушы Мәскеудің көмегінің арқасында өз дендеріне жетіп тынды. 1926 жылдан 1988 жылға дейін Наурыз мейрамын атап өте алмай келдік.

— Сұлтанбек Қожанұлы қызметінен алынып, қудалауға түскен кезде Қазақстандағы саяси жағдай қалай өрбіп жатыр еді?

— Жоғарыда атап өткеніміздей Қазақстаннан осындай толассыз жазылған хаттар өкінішке қарай, қараусыз қалдырылған жоқ. 1925 жылы тамыз айында бас хатшы И.Сталин Қазақстан өлкелік партия комитетінің басшылығына Ф.Голощекинді жіберді. Ол өз кезегінде хатта көрсеткен «кемшіліктерді», «қателіктерді» түзетуге білек сабына кірісті. Оның ең бірінші қудалаған адамы Сұлтанбек Қожанұлы болды. Сұлтанбек Қожанұлын Мәскеуге шақыртып алдыртқаннан кейін, өзге ұлтжанды қайраткерлерді қудалауға көшті. Сұлтанбек Қожанұлының іс-әрекетіндегі батыл қадамдарды сол кезеңде оның қарсыластары ұлтшылдыққа теңеп, бұрмаласа да, мойындауға мәжбір болды. Ал онымен қызметтес болған және қызмет барысында қарсылас та болған кейбір қайраткерлер оның қадірін кеш түсінді. Мәселен, мемлекет және қоғам қайраткері Смағұл Сәдуақасов кеңестік биліктің шовинистік саясатына қарсы күрес тәсілін сөз ете отырып: «Жер мәселесі жөнінде неше түрлі бейбастықтық орнап отыр, бел шешіп күресу керек, Қожанов отаршылдармен табандап күресті, алайда қазақы тәсілмен күресті, ал мұнда Шыңғыс ханның тәсілі керек... Бұл жөнінде Қожановтың айтқаны дұрыс, алайда мен табандап күресем алмадым», — десе екінші бір мемлекет және қоғам қайраткері Ораз Жандосов 1925 жылы қазан айында қайраткер Садықбек Сапарбековке, Сұлтанбек Қожанұлының Қазақстаннан

Мәскеуге шақыртылғаннан кейінгі Қазақстанда болған саяси жағдайға байланысты жазылған хатында Қазақ автономиясының ұлттық-мемлекеттік дамуының болашағы, ұлттық мәселенің қойылуы, Қазақстандық партия ұйымдарындағы ішкі партиялық мәселелердің үлкен маңызға ие болып отырғанын сөз ете отырып: «Осы мәселелердің барлығында Сұлтанбектің өзіндік көзқарасы болды. Бұл мәселелердің барлығына ол тактик ретінде келді және оның тактикасының кейбір жағдайларында асыра сілтеушіліктер болды. Бірақ шын мәнісінде, (бұл менің жеке ойым) оныкі дұрыс. Ұлттық межелеу жүргізіліп, Қазақстанның ұлттық кеңестік республика болып қалыптасқан кезеңінде басқаша іс әрекет ету мүмкін емес еді. Сонымен қатар ұлтаралық қарым-қатыныстың шиеленісуі, Қазақ халқының өзінің артта қалғанын, Сұлтанбектің түгелдей жалғыздықта қалған жағдайларын ұмытпауымыз керек», — дейді. Мұны Сұлтанбек Қожанұлының ұлт мүддесі жолындағы қызметіне, ол Қазақстаннан шақыртып алдырылғаннан кейінгі (дұрысы кетірілгеннен кейінгі) қайраткер тұлғалар тарапынан ізін суытпай берген бағалары, өзіндік көзқарастары тұрғысынан деп пайымдасақ та Сұлтанбек Қожанұлының саяси қызметінен мол хабар береді. Сұлтанбек Қожанұлы 1937 жылы 16 шілдеде Өзбекстандық НКВД-ның шешімімен қамауға алынады. Ұзақ уақытқа созылған тергеу ісінен кейін 1938 жылы 8 ақпанда КСРО жоғарғы соты әскери коллегиясы қолдан ұйымдастырылған жалған айып тағып, ату жазасына кесілген болатын.

— Сұлтанбек Қожанұлының ұлт мүддесі жолындағы қызметі бүгінгі күні қаншалықты лайықты бағаланып жатыр?

— «... Мен Сталинмен сөз сайысына түскенде ұлтымның, халқымның арнамысын қорғаймын деп тайталасқам. Қазақты ешкімге ешбір адам баласына мазақ етпесем дегем...» — деген Сұлтанбек Қожанұлы халқына қызмет етудің айқын үлгісін көрсетті. Батыл да болды, ештеңенен қаймықпады да. Осындай ер тұлғалы азамат көп болғанда халқымызды ешкімнің де қорлығына да, зорлығына да бермес едік. Өкініштісі сол, сол кезеңде билік басында отырған өз қандастарымыздың көпшілігі мансап қуып, соның жетегінде таптық ұранды алға тартып, өз халқына қарсы әрекеттерге барғанын қалай жасырамыз. Қайраткер тұлға Сұлтанбек Қожанұлының ұлт мүддесі жолындағы қызметін халық арасында, әсіресе жастар арасында насихаттау жұмыстарын кең көлемде жүргізу біздің міндетіміз. Жақында Түркістан облысы Арыс қаласына барғанында сондағы Сұлтанбек Қожанұлы атындағы жалпы білім беретін орта мектепке арнайы соғып, алаш ардақтысы, Сұлтанбек Қожанұлының саяси қызметі жайында мектеп оқушыларына дәріс оқып, біраз мағлұматтармен таныстырдым. Яғни, Сұлтанбек Қожанұлының қоғамдық саяси қызметі, ғылыми мұралары жайында Республикалық деңгейде тәлімдік-тағылымдық шараларды осы биылғы жылғы тұлғаның 130 жылдық мерей тойы аясында кешенді жүргізу, атқарған қызметіне тағзым жасау біздің азаматтық парызымыз! Ойымызды халқымыздың біртуар перзенті Мұстафа Шоқайдың «Сұлтанбек Қожанұлы қара басының қамын ойламайтын, халқы үшін қам жеп, еңіреп туған азамат еді. Ол бұдан былай да осы қасиеттерінен айрылмайды деп сенеміз», — деген пікірімен қортындыласақ. Иә, Сұлтанбек Қожанұлы өмірінің соңына дейін ұлт мүддесін бәрінен жоғары қойған қайраткер ретінде, өз ұлтына қалтықсыз қызмет етіп, тұлғалық қасиеттерінен айнымай өтті. Сұлтанбек Қожанұлы сынды арыстарымыздың еңселі де биік тұғыры әрдайым тәуелсіз еліміздің биік төрінен көрінсе дейміз! Міне, сондықтан да қайраткер тұлғаның есімі ардақталып, төл тарихымыздың төрінен қашанда өзінің лайықты бағасын алады деп ойлаймын.

— Әңгімеңізге рақмет!

Сұхбаттасқан Ұлағат БЕКБОЛАТ


Елімізде қоқыс реформасы басталған сияқты. Өйткені биылдан бастап қайта өңдеу саласына 200 млрд теңге бөлініп отыр. 3 жыл мерзімге есептелген бұл қаржы қоқысты сұрыптаудан бастап, тасымалдау, қайта өңдеуге дейінгі кезеңде жүзеге асырылатын жобаларға бөлінбек. Ендеше әрі экономикалық, әрі экологиялық проблемалардың шешімі болар бұл саланың бүгінгі тынысы қандай?

Нұрлан ҚОСАЙ

**ҚАЙТА ӨНДЕУДІҢ ДЕ  
ӨЗ МАШАҚАТЫ БАР**

Елімізде жыл сайын қоқыс полигондарына шамамен 4,5-5 млн тонна қатты тұрмыстық қалдық төгіледі екен. Соның тек 24%-ы ғана қайта өңделеді. Соның өзінде де еліміздегі қалдықтарды қайта өңдеу зауыттары шикізатқа жарымай отыр. Оның бір себебі — сұрыптау және тасымалдау

Оның айтуынша, бұл мәселені «қоқыстан қоқысқа дейін» деген цикл аясында қарастыру керек. Ол дегеніміз, қоқыстан шыққан қалдық өңделіп, қайта дайын өнім болып алдыңызға келген соң да қайта қоқысқа кетеді, міне, осы цикл бастан-аяқ қамтылуы қажет. Мұндағы жолға түспей тұрған бір мәселе — сұрыптап жинаумен айналысатын компаниялардың жұмысын жандандыру. Нақтырақ айтқанда, олардың саны аз, соны көбейту қажет. Шындығын айтқанда, елімізде бар өндірістік қуаттың өзін ұстап тұру мұңға айналып отыр. Елімізде ПЭТ (полиэтилентерефталат) қалдықтарын



# ТАБЫСТЫҢ БІР КӨЗІ — ҚОҚЫС

жұмыстары тыңғылықты жолға қойылмаған. Айталық, кәдеге жарату процесін сұрыптау, жинау, жеткізу және қайта өңдеу деп бөлер болсақ, полигондарға әкімдіктер жауапты, ал іріктеу және жеткізумен шағын бизнес айналысады. Бірақ олардың өндірістік қуаты жеткіліксіз. Коммуналдық қызмет бұл процеске ішінара шаруашылық жолмен көмектескені болмаса, басыбайлы кірісіп кете алмайды. Қайталама шикізат деп пластик, макулатура, шыны сынықтары, резеңке қиындылары, қаңылтырлар және тағы басқаларды айтар болсақ, олар бостан босқа полигондарда шіріп жатыр. Түптеп келгенде, қайта өңдеушілер қиналуда.

«Біздің зауыт құрылғалы бері толық қуатында жұмыс істеген емес. Негізгі проблема — шөлмек сынықтары қат. Мысалы, өндіріске 30% шөлмек сынықтары керек десек, оны біз барынша өз күшімізбен жинауға тырысамыз. Бірақ бәрібір де 10%-ын жинап тапсырушылардан аламыз. Ал «ӨКМ операторы» мекемесі жұмысын тоқтатқалы, олар тым саябырсып қалды. Сондықтан мемлекет тарапынан бұл салаға көңіл бөлініп жатқанына қуаныштымын. Бірақ бұл жерде кешенді түрде қарастыру қажет. Мәселен, шикізат түрлерінен біз құм мен мәрмәр тасты ғана жергілікті жерден аламыз. Басқасы шетелден келеді. Бірақ «санкциялық соғыс» басталғалы ол да қиындап тұр. Біздің өндіріске шпатл, доломит, сода сынды тағы да басқа өнімдер керек. Ол өнімдерді Қазақстанда да өндіруге болады. Егер осы жолы соны да жолға қояр болсақ, шетелге тәуелділіктен арылар едік. Сол сияқты газ бағасының өсуі, теміржол тарифтерінің өзгеруі де қайта өңдеу саласына теріс әсер етіп отыр. Соның кесірінен, біз нарықта бәсекеге қабілеттілігімізден айырылып қалдық. Өнімдеріміздің өзіндік құны аспандап кетті. Әсіресе, экспортқа шыға алмай қалдық», — дейді «Еврокристал» ЖШС коммерциялық директоры Елена Журавлева.

Шыны құю зауыты Шымкент қаласында орналасқан. Қазір онда екі пеш пен екі желі жұмыс істеп тұр. Өндірістік қуаты — жылына 210 миллион шартты бірлік бұйым. Көлемі 200 миллилитр мен 3 литр аралығында болатын пайдалану аясы кең, түрлі пішіндегі жоғары сапалы шөлмек ыдыстар шығарады. Сол сияқты Ақтөбе қаласында орналасқан Capital Plast Kz ЖШС бүгінде қайта өңделген қағаздан гофра өнімдерін, түрлі қаптамалар мен пакеттер, стакандар, бір рет пайдаланылатын пластик ыдыстар, фольга қалыптар, PET контейнерлер, сорғыш сүлгілер, ланч бокстар және тағы да басқа бұйымдар шығарады. Олардың да бір проблемасы — шикізат.

«Макулатура қабылдайтын компаниялар негізінен еліміздің оңтүстігінде шоғырланған. Оларға өзге өңірлерден қағаз жинап әкелу қымбат. Тіпті, соңғы өнімнің өзіндік құнында тасымалдау үлесі 20%-ға дейін кетіп жатады. Еліміздің батыс өңірінде жиналған макулатуралар жақын болғандықтан Ресейге кетіп жатады. Сол себеп Ақтөбеден макулатура өңдейтін зауыт ашуға ниет етіп отырмыз. Бұл — стратегиялық мәселе, онсыз да жетпей жатқан шикізатты шетелге жібермеуіміз керек», — дейді Capital Plast Kz ЖШС бас директоры Берікхан Санке.

өңдейтін 12-ге жуық кәсіпорын бар десек, олар 25-30%-ы ғана жүктемемен жұмыс істеуде. Ал басқа қоқыстармен араласып, шашылып жатқан шикізат полигондарда көміліп қалуда.

«Тағы бір мәселе — көрші елдермен салыстырғанда бұл салада сауда шарттары тең емес. Мәселен, Өзбекстан ПЭТ қалдықтары мен қайта өңделген материалдарды экспорттауға тыйым салған. Бұл олардың өңдеушілерін қажетті шикізатпен қамтамасыз етуге мүмкіндік беріп отыр. Өйткені аталған қалдықтарды геотекстиль, геокомпозит, геомембрана сынды құрылыс материалдарын өндіруге пайдаланып, тоқыма өнеркәсібіне арналған штапельді талшықтар жасауға, ПЭТ контейнерлерін құрастыруға болады. Сондай-ақ оны флекс түрінде шетелге экспорттаса, қомақты қаржы. Мұның сыртында шикізат пен дайын өнімге әртүрлі кедендік ставкалар мен валюта бағамындағы айырмашылықтардан туындаған демпинг проблемасы бар. Нәтижесінде, мұндай факторлар қазақстандық қайта өңдеушілердің бәсекеге қабілеттілігін төмендетіп, нарықтағы үлесін жоғалтуға алып келіп отыр», — дейді ол.

Мұндағы мәселеге кешенді түрде қарау керек дегенде, қоқысты сұрыптауды әрбір үйден бастаған дұрыс сияқты. Олар қоқыс тастайтын контейнерлерде целлофаны мен пластик бөлек, қағазы мен қаңылтыры бөлек, резеңкесі мен шынысы бөлек іріктеліп тұрса, құба-құп. Бірақ азаматтарымыздың қоршаған ортаны қорғау мәдениеті төмен болғандықтан, атқарушы билік бұл тұста дәрменсіз.

**ҮКІМЕТ ШЫНДАП БЕТ БҰРА БАСТАДЫ**

Сонымен, Үкімет экологиялық қана емес, экономикалық та проблеманың бір тетігі саналатын бұл салаға ден қоя бастады. Экология министрлігі 2024-2026 жылдарға бағдарлама дайындап, 200 млрд теңге субсидия бөліп отыр. Бұл Қазақстан тарихында болмаған нәрсе. «2030 жылға дейінгі жасыл экономикаға көшу концепциясына» сәйкес, қоқыс полигондарында төгілетін қалдықтарды қайта өңдеу үлесін 40%-ға жеткіземіз деп отыр.

«Еліміздің қоқыс полигондарына төгілетін 100 мың тонна пластиктің тек 3,5 мың тоннасы ғана қайта өңделеді екен. Ал қалған 96,5 мың тоннасы қайда кететіні белгісіз. Егер сыртқа әкетілген болса, құжаты болу керек. Жерге көмілген болса, онда Экологиялық кодекске қайшы. Бұл заңнаманың бір тұстары толық жұмыс істемей тұр дегенді білдіреді», — дейді «Қазақстанның қайталама шикізатты қайта өңдеушілер қауымдастығы» ЗТБ басқарма төрағасы, «Kazakh Export ЭСК» АҚ Қоғамдық кеңесінің төрағасы Батырбек Әубәкіров.

Сол себепті қауымдастық ұзақ жылдардан бері полигондар мен отандық қайта өңдеушілердің арасында орнықты байланыс орнату, салықтар мен кредиттер бойынша преференциялар беру, Қазақстанның барлық қалаларында отандық қайта өңдеушілердің қатысуымен қоқыс сұрыптау желілерін іске қосу, тіпті осы саладағы мәселелердің барлығын қамтитын Жол картасын әзірлеу жөнінде мәселе көтеріп келген екен.

«Осы ретте бүгінде оң шешімдер бар, мысалы, EcoQolday бағдарламасы жақсы нәтиже беріп жатыр. Наурыз айында «Өнеркәсіпті дамыту қоры» арқылы «жасыл» жобаларға жылдық 3%-бен кредит беру туралы Үкімет қаулысы күшіне енді. Соның аясында Экология министрлігі 2024-2026 жылдарға бағдарлама дайындап, «Жасыл даму» арқылы саланың дамуы үшін 200 млрд теңге субсидия бөліп отыр. Соның негізінде бүгінде аймақтар бойынша 94 жобадан тұратын пулл жасакталды. Оның 37-сі алдын ала мақұлдаудан өтті. Десе де, бұл қаржы тек «жасыл» жобаларға қарастырылғанын баса атап өткім келеді», — дейді ол.

Елімізде сұрыптау, жинау, жеткізуді негізінен шағын бизнес жүзеге асырады. Онда да негізінен тиын санап отырған жеке кәсіпкерлер. Ал олардың жинаған қалдығының әрбір граммынан пайда іздейтіні белгілі. Сол себепті бертінге дейін Батыс Қазақстандағы макулатура жинаушылар оны Шымкент, Алматыны алысынып, Ресейге өткізіп келген болатын.

«Шикізатсыз қалған қайта өңдеушілерді қорғау үшін Үкіметке қайта-қайта хат жазып, қайта өңдеуге жататын қалдықтарды

шекарадан өткізбеуді сұрадық. Соның арқасында елімізден макулатура мен пластикті алып шығуға тыйым салынды. Одан соң қалдықтарды жинап, тапсырушыларды мемлекеттен субсидиялау тетігі енгізілді. Осылайша, тыйым салу мәселесі өзімен өзі шешімін тапты. Өйткені жинаған қалдығын тапсырып, ақшасын бір алған қалдық тапсырушылар мемлекеттен субсидиясын тағы алып, пайдаға кенеле түсті. Ал қайта өңдеушілерге өнімін өткізуге мүмкіндіктер жасалды. Яки, мемлекеттік органдардың барлығын Қазақстанда шығатын кеңселік қағаздарды сатып алуды міндеттедік. Осылайша, жинаушы-тапсырушы, қабылдаушы-өңдеуші тарап тиімді позицияға шығып, салаға жан біте бастады», — дейді Батырбек Темірғасұлы.

**ҚОҚЫСТЫ КӘДЕГЕ  
ЖАРАТУДА ҚЫЗЫЛОРДА  
ЕРЛЕП ТҮР**

Қызылорда облысында қатты тұрмыстық қалдықтарды өңдеумен 18 кәсіпкерлік субъектісі айналысады. Былтыр 166 мың тонна тұрмыстық қатты қалдықтың 45,7 мың тоннасы немесе 27,5%-ы өңделген екен. Облыстық бюджеттен бөлінген 1 млрд 700 млн теңгеге қалдықтарды жинау, тасымалдау жұмыстарын атқаратын 49 арнайы техника алынған. Бұл туралы бізге Қызылорда облысы әкімінің орынбасары Ардақ Зебешев айтып берді.

«Мемлекет басшысының ірі қалаларда қатты тұрмыстық қалдықтарды қайта өңдейтін зауыттар салу тапсырмасына сәйкес, алдағы 2 жылда құны 36 млрд 400 млн теңгені құрайтын 9 жобаны іске асырылмақ. Аталған жобалар аясында өңірдің барлық аудандары мен Қызылорда қаласы толық қамтылады. Бүгінде инвесторлар анықталған. Айта кетсек, қалдықтарды сұрыптау және өңдеу саласындағы 8 жоба «Жасыл даму» акционерлік қоғамының қаржыландыру механизмі арқылы іске асырылады, 1 жобаға облыстық бюджеттен 475 млн теңге қаралған», — деді ол.

Жобалар толық жүзеге асқанда 498 тұрақты жұмыс орны ашылады. Жылына 380 мың тоннадан астам қатты тұрмыстық қалдық сұрыптау және қайта өңдеуден өтеді. Одан құрылысқа қажетті брусчатка, кәріз люктері, қағаз, пластик және шыны шығарылмақ.

«Қазір Қызылорда қаласында құны 33 млрд теңгені құрайтын 2 жоба жүзеге асырылуда. Оның бірі — қолданыстағы полигонды жаңғырту жобасы. Қалдықтарды ұсақтау және өртеу қондырғылары, 32 арнайы техника, 3 мың еуроқонтейнер алынып, медициналық және құрылыс қалдықтары кәдеге жаратылады. Осылайша, полигонның қалдық қабылдау қуаттылығы 60 мың тоннадан 210 мың тоннаға ұлғаяды. Бұдан бөлек, шыны ыдыстар өндіруге 1 жоба іске асырылады. Жоба құны — 29 млрд теңге. Қуаттылығы — жылына 220 млн шыны ыдыс. Зауытқа шикізат ретінде жиналған шыны қалдықтары қолданылады», — дейді облыс әкімінің орынбасары.

Қалай болғанда да, алдағы үш жылда қайта өңдеу саласына жаңа тыныс біткелі отыр деуге болады. Ендеше қайталама шикізатты сатып алуда қазақстандық өңдеушілер басымдыққа ие болуға тиіс. Осылайша, ел бюджетіне түсетін түсімдердің ұлғаюына және жаңа жұмыс орындарын ашуға ықпал ете аламыз. Табыстың бір көзі — қоқыс. Оны өркениетті елдер әлдеқашан дәлелдеп тастаған.

**Ш**ымкент қаласында 3 232 жалпы атауы бар, 281 атауы жоқ, 348 идеологиялық тұрғыдан ескірген, 84 атауы қайталанатын көше бар екен. Бұл дерек биыл наурыз айында қалалық Мәдениет, тілдерді дамыту және архивтер басқармасы мен аудан әкімдіктері бірлесіп, қала аумағындағы 3 513 көшеге жүргізген зерделеу жұмысы кезінде белгілі болды.



Шымкент қаласы аумағында орналасқан тарихи-мәдени мұра объектілерін есепке алу, қорғау аймақтарын анықтау және мемлекеттік тізімге енгізу үшін тарихи-мәдени сараптама дайындау жоспарланып жатыр екен. Жүргізілген жұмыстың нәтижесінде тарихи-мәдени мұра объектілерінің жинағы шығарылмақ.

**ШЫМКЕНТТЕ КОНЦЕРТІК ҰЙЫМ ҚҰРЫЛДЫ**

Биыл Шымкентте қала әкімдігінің 3 сәуірдегі №1557 қаулысына сәйкес, «Шымкент концерт» концерттік ұйымы (филармония) мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны құрылды. Одан бөлек, басқармаға қарасты 6 театр, 6 кітапхана, 3 орталық, цирк, архив, музей мекемесі, Мәдениет үйі концерттік ұйымы (5 клуб, 5 мәдениет үйі) және Шымқала тарихи-мәдени кешені мен «Шымкент мемлекеттік зоологиялық саябағы», жалпы 2 171 штаттық бірлікті құрайтын барлығы 22 мекеме жұмыс істейді. Бұл мекемелердегі шараларға биылға бөлінген қаржы көлемі – 13 млрд 607 млн теңге. Үшінші мегаполисте биыл

100 жылдығына арналған мерекелік кеші және жазушы драматург Жүсіп Аймауытовтың 135 жылдығына арналған «Қарт Қожа» драмасының премьерасы сахналанған.

Сондай-ақ шымкенттік өнер майталмандары гастролдік сапарларға тұрақты шығып, өнер көрсетіп, өзге театр әртістерімен тәжірибе алмасып тұрады. Ж.Шанин атындағы академиялық қазақ драма театры Тараз қаласына, орыс драма театры Ресей Федерациясы, Санкт-Петербург қаласына, Қуыршақ және жасөспірімдер театры Өзбекстан Республикасындағы Самарқанд, Науаи, Қашқадария, Әндіжан, Ферғана облыстары мен Қырғызстанның Ош қаласына «Шымкенттен шашу» гастролдік сапарымен, «Қазына» би ансамблі «Қазыналы алтын сандық» концертімен Көкшетау, Петропавл, Астана қаласына барып қайтқан.

**ҚЫСКАРТТЫЛҒАН АУҚЫМДЫ ШАРАЛАР ЕСЕБІНЕН ҚАРЖЫ ҮНЕМДЕЛДІ**

«Еліміздің өңірлерінде болған алапат тасқын мен су басу салдарынан туындаған күрделі әлеуметтік және экономикалық ахуалды ескеріп, мамыр айына Қазақстан халқының бірлігі мерекесіне, Отан қорғаушылар күніне және Жеңіс күніне арналған ауқымды салтанатты шаралар өткен жоқ. Яғни, мәдениет мекемелерінде көрме, тарихи сағаттар сынды және мәдениет қайраткерлерінің қатысуымен әскери-патриоттық тақырыптағы өлеңдер челленджі ұйымдастырылса, Жеңіс күнінде «Данк» мемориал кешенінде гүл шоқтарын қою рәсімі өтті. Есесіне 29 млн теңге үнемделді», – деп атап өтті басқарма басшысы Б.Орынтаев.

Сонымен қатар жыл соңына дейін Жошы ұлысы іргесінің қаланғанына 800 жыл, қазақтың әйгілі халық ақыны, жырау, композитор Кенен Әзірбаевтың 140, жазушы Бейімбет Майлиннің 130, әйгілі ғалым Қаныш Сәтпаевтың 125, қазақ бейнелеу өнерінің негізін салушылардың бірі, суретші Әбілхан Кастеевтің 120, Халық қаһарманы Рахымжан Қошқарбаевтың және қазақ балалар жазушысы Бердібек Соқпақбаевтың 100 жылдығын атап өту жоспарланған. Одан бөлек, биыл белгілі ақын мәдениет саласының ардагері Ханбibi Есенқарақызының 75 жылдық мерейтойы аталып өтпек.

«Қаламызда бірнеше жылдан бері ақындар айтысы өткізілген жоқ. Бұл талай ақынның туып-өскен, табан тіреген жері әрі үшінші мегаполис атымызға сын. Осыған орай, биыл республикалық ақындар айтысын өткізуді жоспарлап отырмыз», – деді Бауыржан Орынбасарұлы.

Театр сүйер қауым үшін мамыр айында Өзбекстаннан, Ақмола, Шығыс Қазақстан облыстары мен Алматы қаласынан гастролдік сапарлармен әртістер келіп, өнер көрсетіп жатыр. Ал маусымда Өзбекстан мемлекеттік архивтерінің Қазақстандағы күндері аясында халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясын ұйымдастыру жұмысы жүргізіліп жатыр. Брифингте басқарма басшысы Шымкент қаласының мәдениет саласындағы бірқатар жаңалығымен, алдағы жоспарымен бөлісті. Жиын барысында тілші қойған бірқатар сауалға жауап берді.

Шымкент қаласы

# Ескерткіштер ЕСКЕРУСІЗ қалмайды



Назгүл НАЗАРБЕК

Қазір Республикалық ономастика комиссиясына 232 көшеге атау беру және қайта атауға келісім алу үшін ұсыныс жолданған. Қалған атауы жоқ 106 көшеге қолданыстағы заң аясында тиісті жұмыстар жүргізілмек. Бұл туралы Шымкент қаласының Мәдениет, тілдерді дамыту және архивтер басқармасының басшысы Бауыржан Орынтаев Шымкент қалалық өңірлік коммуникациялар қызметінде өткізген брифингте атап өтті. Басқарма басшысы министрлік жолдаған «Республикалық, облыстық, аудандық маңызы бар қалалардағы, астанадағы, кент, ауыл және басқа да елді мекендердегі көше атауларын жазу және орналастыру жөніндегі» ұсынымға сәйкес, Шымкент қаласында орналасқан 108 елді мекенде ілінген тақтайшаларға да дәл осындай зерделеу жұмысы жыл бойы жүргізілетінін жеткізді.

**ТАРИХИ-МӘДЕНИ МҰРА ОБЪЕКТІЛЕРІНІҢ ЖИНАҒЫ ШЫҒАРЫЛМАҚ**

Брифинг барысында Бауыржан Орынбасарұлы бүгінде тіл саласында өзекті мәселелер бар екенін еске салды. Заң талабы барлық жерде бірдей орындалмай жатқандықтан басқарма тарапынан «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» заңының 21 және 25-3-бабына сәйкес, мемлекеттік тілді және басқа тілдерді дамытуға бағытталған іс-шаралар жүргізілмек.

«2021-2023 жылдар аралығында кәсіпкерлерге мораторий жарияланғаннан кейін заң бойынша талап бұзғандарға басқарма тарапынан ескерту беріп, түсіндіру жұмысын жүргізіп, әдістемелік көмек көрсетумен ғана шектеліп келдік. 2024 жылдан бастап заң талаптарын сақтамайтындар үшін «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» кодексінің 75-бабына сәйкес тиісті шаралар атқарылатын болады. Осы ретте қаламыздағы кәсіпкерлік нысандарына көше, ғимарат, көлік, сауда орындары, қызмет көрсету орталықтарындағы көрнекі ақпарат, маңдайшалардағы хабарлама, жарнамаларды заң аясында жұмыс жүргізуге тиістігін ескертеміз», – дейді басқарма басшысы.

Брифинг барысында Шымкент қаласындағы тарихи-мәдени мұра объектілерінің бүгінгі жай-күйі де айтылды. Үшінші мегаполисте қазір 30 археологиялық, 56 монументтік өнер құрылыстары, 11 қала құрылысы және сәулет ескерткіштері, 2 киелі нысан, жалпы 114 тарихи-мәдени мұра объектілері бар (оның жетеуі республикалық, сегізі жергілікті маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіштерінің тізіміне енгізілген).

Биыл республикалық және жергілікті маңызы бар 15 тарихи және мәдениет ескерткіштеріне бақылау жүргізу нәтижесінде республикалық маңызы бар Қожа



Биыл республикалық және жергілікті маңызы бар 15 тарихи және мәдениет ескерткіштеріне бақылау жүргізу нәтижесінде республикалық маңызы бар Қожа Салық кесенесінің (XIII-XVIII ғ.ғ.) қабырғалары мүжіліп, құзданып жатқанына байланысты реставрация жұмысын қажет ететіні анықталған.

Салық кесенесінің (XIII-XVIII ғ.ғ.) қабырғалары мүжіліп, құзданып жатқанына байланысты реставрация жұмысын қажет ететіні анықталған. Қаратау ауданы әкімдігінің төңгеріміндегі нысан бүгінде жауын-шашыннан қорғау мақсатында клеенкамен қоршалып қойған. Қазір басқарма тарапынан

ауқымды 47 ресми, көпшілік, мәдени іс-шаралар өткізу жоспарланған. Жыл басынан бері оның 10-ы, яғни қаңтарда «Қазына» би ансамблінің құрылғанына 35 жыл толуына орай Fashion show by QAZINA дефилесі өтсе, ақпан айында М.Мақатаевтың туғанына «Жазылар естеліктер мен туралы» поэзиялық кеші, шежіреші Момбек Әбдіәкімұлының 65 жылдығына арналған «Оңтүстік тарихынан сыр» шығармашылық кеші, наурыздағы шаралар «Алғыс айту – асыл қасиет», халықаралық әйелдер мерекесіне арналған «Тірегі тіршіліктің – Ару Ана», «Көрісу күні – Амал мерекесі», Мәдениет және ұлттық салт-дәстүр күніне, «Шуақ шашқан өз-Наурыз» іс-шарасы, «Ұлттық киім күні» дизайнерлер байқауы, «Армысың, өз-Наурыз» мерекелік іс-шарасы және гала-концертті, халықаралық театр күніне орай «Театр көктем фестивалі» салтанатты шаралары өткізілген. Одан бөлек, қазақ ақыны, сықақшы Шона Смаханұлының





**Ж**ер бетінде жаратылыс жұмбағы аз емес. Әсіресе, тарихи орындар мен Табиғат-Ананың тумаларына қатысты құпиясы беймәлім, тылсымға толы орындар жетерлік. Оның бірі есте жоқ ескі заманнан сыр шертсе, енді екіншісі ерекше қасиетімен таңғалдыруда. Сондай жердің бірі – Жамбыл облысында орналасқан Әулиебастау бұлағы.

# Әулиебастау –

Саятхан САТЫЛҒАН

Әулиебастау бұлағы ежелгі «Әулиебастау» қалашығының маңында ағып жатыр. Қалашық мемлекеттік тарих және мәдениет ескерткіштерінің тізіміне, сондай-ақ «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында «Қазақстанның киелі жерлерінің географиясы» жобасы бойынша



Қазақстанның өңірлік қасиетті нысандар қатарына алынған.

Әулиебастау қалашығы мен бұлағы Жамбыл ауданына қарасты Айша бибі ауылынан он үш шақырым, Тараз-Қарабастау тасжолының солтүстік жағында бір шақырым қашықтықта орналасқан. Қалашық шамамен VI-XIII ғасырларда бой көтерген деген болжам бар.

Қалашықта XIX ғасырдан бастап ғылыми-зерттеу жұмыстары жүргізіліп, топографиялық құрылымы анықталған. Қалашық Орталық Азияға іссапармен келген В.Бартольдтың жазбаларында «Абдурахман» деген атпен берілген.

Әулиебастау қалашығының географиялық жағынан өте ыңғайлы жерде орналасуы оның Ұлы Жібек жолы бойындағы маңызды қалалардың бірі болғанын байқатады. Себебі көшпелі және отырықшы мәдениеттердің тоғысқан жері Шу мен Талас аймақтары дами келе үлкен сауда ошағына, Қытайдан Еуропаға өтетін үлкен керуен жо-

# ДЕРТКЕ қауа

Алайда кейінгі кезде «Әулиебастау бұлағын қалталы бір кәсіпкер жекеменшікке айналдырып алмақшы» деген әңгіме шығып, халық дүрлікті. Кәсіпкер бұлақтың суын тұтынуды ақылы қылып, бизнеске айналдыруды көздеген.

– Бұл бұлақтың суы көз ауруы мен асқазанға ем. Жазда адам қарасы мүлдем үзілмейді. Қыста адамдар бұлақ суын үйіне алып кетіп ішеді. Қалың қарда суға түсетіндер де бар. Біз осы жердің тазалығына қараймыз. Көлдің қасында отырған соң келімді-кетімді ел-жұрттан ұят болмасын дейміз. Жекеменшік болғаны мүлдем дұрыс емес. Мына жақтағы «Таскөл» көлі жекеменшікке өткен. Оған кіру үшін 5 мың теңге төлеу қажет. Ақыры ешкім бармай қойды.

Мына жерде адамдар емін-еркін демалады. Балық аулап, бұлақтың кө-

ліне де шомылып кетеді. Біз келген қонақтарға таза ұстауды өтінеміз. Жазды күні бие сауамыз. Сол кезде ел-жұрт бізден қымыз ішеді, – дейді бұлаққа бас-көз болып жүрген шаруа Ербол Тұрғынбеков.

Әулиебастау бұлағының жекеменшікке өтуіне қатысты ел ішін кезіп жүрген әңгіменің анық-қанығына көз жеткізу мақсатында Айша бибі ауылдық округінің әкімі Дармен Дәулетовке хабарластық.

– Әулиебастау бұлағы жергілікті әкімдіктің теңгерімінде. «Жекеменшікке өткелі жатыр» деген дүние – бос қауесет. Әкімдік тарапынан Әулиебастау бұлағының айналасына отыратын орындықтар қойылып, оның тарихы туралы сыр шертетін тақтайшалар орнатылды. Осылайша, біз бұлақтың сақталуына барынша күш салып жатырмыз. Ал басқа әңгімелер шындыққа жанаспайды, – дейді округ әкімі.

Жел тұрмаса, шөптің басы қиылмайтыны белгілі. Қазір қалталы азаматтар қоныштан басып, мемлекеттік жерді меншіктеп алып жатқанын көз көруде. Оған қоса, Әулиебастау бұлағының маңындағы «Таскөл» көлі жекеменшікке өтіп кеткенін елдің өзі айтып отыр. Демек, бұлақтың жекеменшікке өтуі бұқара бас көтергеннен кейін басылған секілді.

Тұрғындар Әулиебастау бұлағына қатысты тағы бір тылсымды айтып берді. Олардың сөзіне сүйенсек, бір жылдары бұлақтың дәулетті азамат жекеменшігіне алған көрінеді. Жан-жағын қоршап, бұлаққа адам аяғын бастырмай қойыпты. Алайда бұлақтың айналасы қоршалған күні бұлақ суы тартылып, мүлде ақпай қойған екен. Кейін кәсіпкер ақылға келіп, бұлақ қоршауларын алғаннан кейін су қайтадан аққан. Бұған таңғалған кәсіпкер бұлақты мемлекетке кері қайтарып берген.

Бұл – ел ішінде аңызбен астасып жүрген әңгіме. Алайда жергілікті билік өкілдері бұлақ ешқашан жекеменшікке өтпегенін айтады. Кім біледі, бәлкім бұл да «құпия құлпына» таңылған ақпар шығар...

Жалпы, Тараз қаласы мен оған жақын орналасқан елді мекендерде бірнеше бұлақ бар. Халық сол бұлақ суын бүгінде тұтынып келеді. Елдің айтуынша, бұлақ суын қайнатсаң, су құйылған ыдыстың қағын қағып түсіреді екен. Сондай-ақ бұлақ суында темірдің мол құрамы болуына байланысты салмағы ауыр әрі ұйытылған айрандай қою құйылады. Суда темірдің мұндай мөлшерде болуы денсаулыққа таптырмас ем дейді білетіндер.

Иә, Жамбыл жерінде суы қасиетті, дертке шипа осындай бұлақтар бар. Алайда оны жамбылдықтардан басқа көп адам біле бермейтіні анық. Сондықтан бұл маңда туристік кластерді дамытқан абзал. Сондай-ақ жарнама жағын да дұрыс жолға қойған жөн. Сонда өңірдің қасиетті орнын таныта отырып, туризмнің де түтінін тік ұшыра түсеміз...

Жамбыл облысы



Осыдан үш жылға жуық уақыт бұрын Арал ауданына қарасты Тоқабай ауылында апатты жағдайдағы білім ғимаратының орнына жаңа мектептің құрылысы басталады деп жергілікті әкімдік сүйіншілеген еді. Бұл балаларының қауіпсіздігіне алаңдаулы күй кешіп отырған ауыл халқын зор қуанышқа бөледі. Алайда заманауи ғимаратта сапалы білім алуға мүмкіндік артады деп сенген халықтың үміті әлі күнге дейін ақталмай тұр.



## ӘКІМДІК ҒИМАРАТЫНДА ӘУШІРІМДЕН ОҚЫШ ЖҮР

Жалпы, соңғы кездері Сырдың білім саласы сын садағынан түсер емес. Әсіресе, оқу сапасына қатысты түйткіл, сақалды құрылысқа айналған білім нысандарының келешегі көпті алаңдатады. Соның ішінде бір ғана Арал ауданындағы аталмыш білім ордасының құрылысы жар ортаға жетпей тоқтап, бүгінде жас ұрпақтың жайлы білім алуына жағдай жасалмай тұр.

Жалпы, бұл ауылға жаңа білім ордасы 2018 жылы салынып, пайдалануға берілген болатын. Алайда құрылыс жұмысына деген салғырттықтан болар, «қу кетті, іс бітпеді» дегеннің кері келіп, аталмыш мектеп араға көп уақыт өтпей апатты деп танылды. Айдыңкүннің аманында қабырғасы қақырап, білім алуға жарамсыз күйге түсті. Соның салдарынан жаңа білім ошағын қайта салуға шешім қабылданды. Сол кездері аудан әкімі болған Серік Сермағанбетов Жіңішкекүм ауылдық округіне қарасты аталмыш Тоқабай елді мекеніндегі №248 мектеп ауданында ауыл ақсақалдарымен кездесіп, мектепке қатысты өзекті мәселені талқылағаны ел есінде.

Осыдан кейін көпұзамай ауылда қызу тірліктің табы байқалды. Ауыл халқы армандары ақиқатқа айналғанына қуанды. Бірақ көп ұзамай құрылыс жұмыстары қайта тұралап, қуаныштары су сепкендей басылды.

«Ауылымыздағы мектеп құрылысы қалай басталды, солай тоқтады. Үш жылға жуық уақыт өтсе де бітер түрі көрінбейді. Ал балаларымыз ауыл әкімдігінің ғимаратында өлместің күйін кешіп, білім алып жүр. Бұл жайында талай мәрте айтып та, жазып та шағымдандық. Бірақ жұмыс жалғасатын түрі көрінбейді. Білуімізше, мектеп құрылысы жеке кәсіпкердің қаржысымен салынуда. Құрылыс аяқталғасын сатып алу жүйесі бойынша мемлекетке беріледі екен. Алайда кәсіпкер білім ұясын жеделдете аяқтауға асықпайтын сияқты. Екі арада талапқа сай келмейтін тар кабинеттерде оқып жүрген балаларымызға обал болды», — деп мұның шакты бізге ауыл тұрғыны Нағашыбай Сариев.

Тұрғылықты халықтың айтуынша, ауылда 153 бала екі ауысуымен оқиды. Оған әкімшілік ғимаратынан жеті бөлме сынып кабинеті ретінде жабдықталған.

Негізінен сақалды нысанға айналған білім ұясының құрылысы 2021 жылы бастау алады. Жеке кәсіпкердің ықпалымен қолға алынған құрылыс жұмыстарына ауыл халқы тартылыпты. Алайда құрылыстың аяқсыз қалуына байланысты, ауыл тұрғындары нәпақасынан қағылса, балғындардың жаңа білім ұясында білім аламыз деген арманы көзден бұл-бұл ұшқан.

«Мектеп құрылысының қарасыз қалғанына үш жылға жуықтады. Әлі де жалғасады деген үмітіміз күн өткен сайын өшіп барады. Төрт қабырғасы тұрғызылған нысан қар мен жаңбыр суынан мүжіліп, құрдымға кететін түрі бар. Ал оның жұмысын жандандыруға кәсіпкер де, жергілікті әкімдік те құлықсыз сияқты. Жаңа оқу жылына да санаулы ай қалды. Жағдай бұлай жалғаса берсе, ауыл балаларының алдағы оқу жылын тағы да әкімдікте жалғастыратын түрі бар. Халық осыған ашынып отыр», — деп ойын толықтырды ауыл тұрғыны.

Аталмыш мәселе бойынша жауапты деген мекемелерге хабарласып көрдік. Алдымен Арал аудандық білім бөліміне байланыс орнаттық. Бірақ бөлім тарапынан тоқабайлық жамағатты толғандырған мәселе төңірегінде ештеңе айтылмады. Облыстық білім басқармасына сілтеді. Ал Қызылорда облыстық білім басқармасы тарапы: «Біз нысанды қабылдап қана аламыз. Құрылыс жұмыстарына құрылыс басқармасы жауапты» дегенді алға тартты. Келесі кезекте Қызылорда облыстық құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқармасынан сұрап көрдік. Басқарма тарапынан: «Ол мектеп бойынша біз тапсырыс беруші емеспіз. Нысан демеуші есебінен салынып жатыр. Құрылысқа Арал ауданы әкімдігі жауапты», — деген жауап алдық.

Сонында Арал ауданы әкімдігіне сұрау салдық. Аудан әкімдігі тарапынан қажетті ақпаратты жинақтап жіберетінін мәлімдеді.

«Тоқабай елді мекеніндегі бір қабатты 100 орындық №248 орта мектеп құрылысы 2022 жылы маусым айында демеуші есебінен басталған. Құны 500 млн теңгені құрайтын жобаға тапсырыс беруші Қызылорда облысының құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқармасы болып табылады. Нысан құрылысын «Өмірзақ» ЖШС жүргізуде. Қажетті құрылыс заттары толық жеткізілген. Бүгінде құрылыс жұмыстарының 60 пайызы орындалған. Үстіміздегі жылдың қыркүйек айына дейін жұмыс аяқталып, пайдалануға беріледі деп күтілуде. Негізінен нақты уақытта мердігер Қазалы ауданында бір нысанның құрылысын жүргізіп жатыр. Сондықтан Тоқабайдағы мектеп құрылысы кішкене тұралап тұр», — деген жауап алдық аудан әкімдігінен баспасөз қызметінен.

Бір қызығы, құрылыс басқармасы мектеп құрылысына тапсырыс беруші емеспіз деп мәлімдегенімен, Арал ауданы әкімдігі берген ақпаратта тапсырыс беруші Қызылорда облысының құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқармасы деп тағы танба басқандай көрсетіпті. Сонда мектеп құрылысына нақты жауапты кім? Жауапты мекемелер жауап беруде неге жалтарып отыр?

Қалай дегенде де, аудан әкімдігі тарапынан жырға айналған мектеп құрылысы алдағы дүйсенбіде қайта жанданып, жаңа оқу жылына дейін оқушыларға есігін айқара ашады деп сендіріп отыр. Ал Тоқабай жұрты жаңа мектеп құрылысын жаңа оқу жылына дейін бітіретініне күмәнмен қарайды.

Тобықтай түйін: Осы орайда айта кетейік, бұған дейін Тоқабай ауылындағы 11-сынып оқушылары түгел мемлекеттік грант иегерлері атанып, айды аспанға шығарған болатын. Әкімдік ғимаратында әуірімдеп білім алып жүрген балғындардың осы жетістігін қаперге алсақ, заманауи әрі сапалы білім ордасы ауыл балаларының денгейін бұдан да арттыра түсері сөзсіз.

Ербақыт ЖАЛҒАСБАЙ,  
Қызылорда облысы

## ТҮРҒЫН ҮЙ ҚҰРЫЛЫСЫ БАСТАЛДЫ

Батыс Қазақстан облысында су тасқынынан келген залалды жою жұмыстары қарқынды жүріп жатыр. Күні бүгінде Орал қаласы, Қаратөбе, Сырым, Бәйтерек, Бөрлі және Теректі аудандарындағы тұрғындарға келтірілген шығындарды өтеу бойынша комиссиялар өз жұмыстарын жалғастыруда. Мүмкін болатын жерлерде техникалық тексерулер жүргізілуде. Біз құрылыс жұмыстары басталған Сырым, Қаратөбе аудандарына барып қайттық.

Облысқа қарасты Сырым ауданында 114 үй салынады. Бұл үшін «Қазақстан халқына» қорынан қаржы бөлінеді. Бұған дейін атқарушы билік өкілдері айтқандай суға кеткендерге салынатын үйлер үшін ешқандай бюджеттің ақшасы шығындалмайды. Ол үшін ірі компаниялар мен кәсіпкерлердің қаржысы жұмсалатын болады.

Қазір Сырым, Қаратөбе аудандарында суға кеткендерге берілетін үйлердің құрылысы басталып кетті.

Сырым ауданында үйлердің іргетасын қалау жұмыстарына



тап болды. Құрылысшылар игі іске білек сыбана кірісіп кеткен. Мердігер компаниялар белгіленіп, үй салатын жерлер бөлініп берілді.

— Біз қазір Сырым ауданы Өлеңті ауылының суға кетпейтін биік нүктесінде тұрмыз. Бұл жерді мамандар қарап тексерді. Содан кейін ғана құрылыс жұмыстарын бастадық. Қазір 14 үйдің іргетасын қалап қойдық. Ауа райы жақсы кезде құрылысты тезірек аяқтағымыз келеді. Менің компаниямда қажетті жұмысшы күші де, техника да жеткілікті, — дейді мердігер компания жетекшісі Қасымжан Дүйсенғалиев.

Жалпы, БҚО бойынша 1 497 тұрғын үйге су кірген, осының ішінде 456 үй тұруға жарамсыз деп бағаланып отыр. Бір ғана Сырым ауданының өзінде 253 үйге су кірген, 114 үй қайта салынады. Ал Қаратөбе ауданына қарасты Қоржын ауылы суға түгел кетіп қалды. Ол ауылда 90 үй салынады, 7 үйге жөнделу жүргізіледі.

— Төтенше жағдай болған бойда комиссия құрылды. Қазір комиссия аудандағы суға кеткен үйлерді бағалау жұмыстарын толығымен аяқтады. Осы комиссия шешіміне сәйкес Жымпиты ауылында 49 үй, Өлеңті ауылында 39 үй, Бұлдырты ауылында 25



үй, Көздіқара ауылында 1 үй салынады деген шешім шығарылды. Қазір сегіз мердігер компания анықталды. Құрылыс жұмыстары басталды, — деп атап өтті Сырым ауданы әкімінің орынбасары Қайрат Төлепов.

Дәл осындай жұмыстар Қаратөбе ауданының Қоржын ауылында да жүріп жатыр. Нұрболат Кенжеғалиев — Қоржын ауылының тұрғыны, өзі мұғалім. Жары да мектепте сабақ береді. Нұрболат қазір туыс апасының үйінде тұрып жатыр. Себебі өзінің үйі опырылып, ортасына түскен.

— Менің үйім тұруға жарамайды. Опырылып ортасына түсті. Тіпті, ішіндегі заттарды да шығарып үлгермедік. Су кеткесін шығарғымыз келген, онымен бәрі сынып, шашылып қалыпты. Қазір туыс апайымның бір бөлмесін алып, отбасыммен сонда тұрып жатырмын. Ауылдың екінші шетінен үйлер салып жатыр. Бұйырса бітіп қалар, — дейді ауыл тұрғыны Нұрболат Кенжеғалиев.

Жалпы, облыста су тасқыны келтірген шығынды өтеу жұмыстары да қарқынды жүріп жатыр. Бүгінгі күнге дейін аймақта 679 отбасыға 100 айлық есеп көрсеткіш мөлшерінде біржолғы әлеуметтік көмек көрсетілген. Ол үшін 2,4 млрд теңге жұмсалған.

Жанат ҚАЙЫРҒОЖИНА,  
Батыс Қазақстан облысы

## ТЕННИСШІЛЕР ФИНАЛДАН ТЫС ҚАЛДЫ



Қазақстандық теннисші, әлемнің 177-ракеткасы Денис Евсеев Оэйраш (Португалия) челленджер турнирінің финалына шыға алмады.

Отандасымыз жартылай финалда дүниежүзілік рейтингте 200-орында тұрған швециялық Элиас Имермен шеберлік байқасты. Бір сағат 18 минутқа созылған кездесуде Э.Имер 7:5, 6:3 есебімен жеңіске жетіп, финалға өтті.

Тағы бір қазақстандық теннисші әлемнің 60-ракеткасы Александр Шевченко Бордо (Франция) челленджер жарысының ширек финалына шыға алмады. Доданың 3-ракеткасы болып тіркелген ол екінші айналымға бірден өткенімен, рейтингте 123-сатыдағы франциялық Джованни Мпешу-Перрикардан тартысты матчта жеңіліс тапты – 6:7 (2:7), 6:3, 3:6. Бұл бәсеке 1 сағат 54 минутқа созылды.

## САДАҚ АТУ САЙЫСЫ АЯҚТАЛДЫ



Семейде дәстүрлі садақ атудан ерлер мен әйелдер арасындағы Қазақстан Кубогы өз мәресіне жетті.

Күзге салым елордада өтетін V Дүниежүзілік көшпенділер ойындарына дайындық аясында ұйымдастырылған сайысқа еліміздің барлық өңірінен 300-ден астам садақшы қатысты.

– Бұл жерде Дүниежүзілік көшпенділер ойындарына соңғы лицензия ойнатылып жатыр. Ерлер арасындағы 6-лицензия үшін Али Сейсигюзель, Қасымхан Қанат және Абылайхан Қанат бақ сынады. Яғни, осы Қазақстан Кубогында кім үздік болса, лицензия сол мергенге бұйырады, – деді дәстүрлі садақ атудан Қазақстан құрамасының бас бапкері Диас Ахметов.

– Алғаш садақ атуды спорт түрі ретінде қолымызға алған кезде 5-6 ғана адам бастаған едік. Қазір еліміз бойынша 5 мыңнан астам садақшы бар. Құрамадағы жас спортшыларымыздың аяқалысы өте жақсы. Малайзияда, Алматы облысында, Шымкент қаласында оқу-жаттығу жиындарына қатыстық. Бұл жарыстың барлығы, әрине біздің деңгейімізді біраз өсірді, – дәстүрлі садақ атудан Алматы облысының аға жаттықтырушысы Ахмет Мұғалов.

## «ЕЛОРДА КУБОГЫ» ӨТІП ЖАТЫР



Жарыстың 4-ші күні шаршы алаңға Қазақстан әйелдер құрамасының 20 боксшысы көтерілді. Ақтық кезең жолдамасын алғашқылардың бірі болып 52 келідегі Жазира Орақбаева иемденді.

Көпшіліктің назары Карина Ибрагимовада болды. Әзірге ол ұлттық құрама сапынан Олимпиада ойындарына жолдама алған жалғыз боксшы. Турнирдегі қарқыны жаман емес. Рингте отандасымызбен жұдырықтасып, мықтылығын дәлелдеді.

– Қарсыласым оңай емес. Жастар арасындағы екі дүркін Азия чемпионы. Бірақ жеңіске жеттім. Бұл менің Олимпиада алдындағы соңғы жарысым, – деді боксшы Карина Ибрагимова.

Әйелдер арасындағы жартылай финалдық жекпе-жектерге Каринадан басқа Олимпиада жолдамасы бар өзге елдердің 8 боксшысы және 6 әлем чемпионы өнер көрсетті.

## БАЙРАҚТЫ БӘСЕКЕГЕ ДАЙЫНДЫҚ ЖАҚСЫ

Астанада Creative&Innovation Institute Орталық Азиядағы тұрақты дамудың қоғамдық қоры, Visit Astana және Оқу-ағарту министрлігінің Ұлттық ғылыми-практикалық дене тәрбиесі орталығы бірлесіп, «Әлем қозғалыста. Олимпиада ойындары мен Дүниежүзілік көшпенділер ойындары – бірлікте» тақырыбында спорттық-бұқаралық іс-шара ұйымдастырды.

Тілекгүл ЕСДӘУЛЕТ



Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «бұқаралық спортты дамыту арқылы біз ұлтымыздың денсаулығын жақсартамыз, бүкіл еліміз мақтан тұтатын спорт жұлдыздарының жаңа буынын тәрбиелеп шығарамыз» деген болатын. Осы орайда спорттық-бұқаралық іс-шараның ұйымдастырылуы ел абыройын асқақтатар спорт саласын дамытуға, спортқа бейім, бәсекеге қабілетті бірегей ұлт, салауатты ұрпақ қалыптастырудың тағы бір алғышарты болмақ.

Шараның ашылу салтанатында Олимпиада чемпионы Серік Сәпиев іс-шараның өтуіне қолдау білдірген Туризм және спорт министрлігіне, Астана әкімдігіне алғыс білдірді, «Қазақ спорты жасасын. Жеңістеріміз көп болсын!» деп тілек айтты.

Туризм және спорт министрлігінің жанынан құрылған қысқы жасөспірімдер Олимпиадасы мен жазғы Олимпиада және Паралимпиялық ойындарға дайындық штабының төрағасы Елсияр Қанағатовтың айтуынша, іс-шараның мақсаты – спортты насихаттау, бұқаралық спортты дамыту.

– Париж Олимпиадасының басталуына 70 күн, Париж паралимпиадасының басталуына 102 күн, V Дүниежүзілік көшпенділер ойынының басталуына 111 күн қалды. Шынын айтсақ, кейде Олимпиада және Паралимпиада спортшыларын жанкүйерлердің қолдауы аз болып жатады. Сондықтан осындай мереке ұйымдастырып отырмыз. Бұл іс-шара еліміз спортының дамуына өз үлесін қосады деп білеміз, – деді ол.

Сонымен қатар Елсияр Қанағатов биыл Президент жарлығымен құрылған Штаб жұмысы – спортшылардың алдағы жарыстарға сапалы дайындығын қамтамасыз ету екенін айтты.

– Қазір Штаб Париж қаласында өтетін 2024 жылғы XXXIII жазғы Олимпиада, XVII Паралимпиада ойындарына ұлттық құрама командаларды даярлауды қамтамасыз ету бойынша жұмыс атқарып жатыр. Дайындық жұмысына барлық жағдай жасалған. Спортшыларымыз өздерінің кестесі бойынша оқу-жаттығу жұмыстарында жүр. Қазір жарыстарға қатысып, жоспарланған

жолдамаларды алу маңызды. Паралимпиада бойынша 7 спорт түрінен 12 жолдамамыз бар. Әлі де жолдама алатын жарыстар бар. Мамыр-маусым аралығында спорттың 5 түрі бойынша 16 лицензия жеңіп алсақ деген мақсатымыз бар.

Жарыс 28 тамыз бен 8 қыркүйек аралығында спорттың 22 түрінен өтеді. Қазақстан атынан Паралимпиадаға 38 спортшы қатысады деп жоспарланған. Олар спорттың 9 түрінен өнер көрсетеді. Ал Олимпиада ойындарына 51 жолдамамыз бар. Алда халықаралық және республикалық жарыстардан 30-ға жуық жолдама алуды жоспарлап отырмыз, – деді Елсияр Қанағатов.

Спорттық-бұқаралық іс-шара барысында қала тұрғындары мен қонақтары арасында түрлі спорттық ойындар ойнатылып, жеңімпаздарға арнайы сыйлықтар табысталды. Спорттың денсаулыққа пайдасы, Олимпиада және Паралимпиада ойындарының еліміздің халықаралық аренадағы абройын асқақтатудағы рөлі мен маңызы туралы айтылып, спортшыларымыздың, чемпиондарымыздың жетістіктері мен жеңістері туралы кеңінен насихатталды.

Астана қаласы Дене мүмкіндіктері шектеулі тұлғаларға арналған спорттық даярлау орталығының баспасөз қызметінің басшысы Құралай Әшімханова:

– «Әлем қозғалыста. Олимпиада ойындары мен Дүниежүзілік көшпенділер ойындары – бірлікте» спорттық-бұқаралық іс-шара аясында паралимпиадалық комитет атынан паралимпиада ойындарына 100 күн қалғанын хабарлаймыз. Шара барысында қонақтарымыз арасында екі ойын ойнатып жатырмыз. Арнайы сыйлықтарымыз бар. Бұл ойындар арқылы параспортшылардың еңбегін насихаттағанымыз келеді.

Астана бойынша дайындық қызу жүріп жатыр. Париж Паралимпиадасының жолдамасына Астана қаласынан 5 параспортшы әлі таласып жатыр. Парадзюдодан шешуші ұпай үлестірілетін жарыс Тбилисиде ұйымдастырылып, маусым айында толық рейтинг жарияланады. Дәл қазіргі сәтте Ақмарал Науатбек әлемдік рей-

тингте 1-орын, Ерғали Шамей 3-орында, Бауыржан Арыстанбек 6-орында тұр. Паратеннистен де Алтынай Ержанқызының мүмкіндігі бар. Ал паражүзуден Токио Олимпиадасының қатысушысы Сиязбек Далиев нормативті орындағанымен, әлі толық шешім шықпады, – деді.

Сондай-ақ жиын барысында еліміз спортының жай-күйі, спортшылардың, паралимпиадашылардың жағдайы, бұқаралық спортты дамыту, салауатты өмір салтын қалыптастыру мәселелері де назардан тыс қалмады.

Паралимпиада ойындарының жеңімпазы Раушан Қойшыбаева үлкен жарыстың алдында өтіп жатқан іс-шараны ұйымдастырушыларға және жиынға қатысушыларға алғыс білдіріп, байрақты бәсекеде Қазақстанның абройының асқақ болуын тіледі.

– Паралимпиада спортына 2010 жылы келдім. 6 жылда жақсы дайындалып, 2016 жылы Риоде-Жанейрода өткен жазғы паралимпиада ойындарының күміс жүлдегері атанып, көк туымды көтеріп келген болатынмын. Бұл жетістікке жеткенім – тек өзімнің ғана еңбегім емес, жеке бапкерім Денис Орловтың да еңбегі. Отбасым мен жақындарымның қолдауы. Халқымның жанашыр, жанкүйерлігі сол жарысқа жігерлендіріп, шынықтырып жеткізді. Сол кезде Ақордада олимпиадашылар мен паралимпиадашылар дөңгелек үстелде басымыз қосылып, кездескен болатынбыз. Осы үрдіс 2016 жылдан бастап сақталып келе жатыр. Президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаев және Үкімет жылдар бойы бізді қолдап келеді. Астана қаласындағы паралимпиадалық жаттығу орталықтары секілді орталықтар еліміздің ірі-ірі қалаларында ашылса, керемет болар еді. Республикамыздың әр аймағында, ауылдарда спорт мектептері ашылса... Алдағы жарысқа дайындығымыз жақсы өтіп жатыр. Барлықтарыңызға жеңіс тілеймін, – деді Раушан Қойшыбаева.

Ал Астанада 8-14 қыркүйек аралығында өтетін V Дүниежүзілік көшпенділер ойындарына 100-ден астам мемлекеттен 4 мыңға жуық спортшы қатысады деп күтілуде.

Сыр өңірінің медицинасы жыл санап серпінді дамып келеді. Соның ішінде облыс орталығынан шалғай орналасқан Арал ауданында денсаулық саласын оңтайландыру бағытында атқарылған жұмыстар көңіл қуантады.

Ербақыт ЖАЛҒАСБАЙ

Қызылорда қаласынан 450 шақырым қашықтықта қоныстанған өңір халқын сапалы дәрігерлік қызметпен қамтамасыз ету жоғары маңызға ие. Себебі жол арасының алшақтығы сырқат жандардың облыс орталығына қатынап ем алуына қиындық туғызары сөзсіз. Сондықтан жергілікті жерде барлық медициналық көмек түрлерін қолжетімді ету – тұрғылықты халықтың басты талабы. Әсіресе, елді мекендердің тұрғындарына медициналық бекет пен амбулаториялар салу ісі назардан тыс емес. Бұл тұрғыда өткен жылы атқарылған жұмыстар ұшан-теңіз. Атап айтқанда, 2023 жылы аудан орталығынан алыс қоныстанған Бөген және Қызылжар ауылдарына дәрігерлік амбулатория салынса, Көктем елді мекеніне облыстық қазынадан жаңа типтік жобадағы медициналық бекет бой түзеді. Ал биылғы жыл еншісінде Токабай ауылынан жаңадан дәрігерлік амбулатория салу міндеті тұр. Емдеу мекемесі жыл соңында ел игілігіне пайдалануға беріледі деп күтілу.

«Ауылда денсаулық сақтауды жаңғырту» Ұлттық жобасы аясындағы аудандық аурухана жанынан кардиология және инсульттік бөлімшесін ашу 2024-2025 жылдарға жоспарланған болатын. Алайда медициналық көмектің қолжетімділігін арттыру мақсатында аурухананың әкімшілік бөлімі, қаламыздағы «А.Байтұрсынов» ауылдық емханасының бір бөлігіне көшті. Ал аурухананың әкімшілік бөлімі орнына кардиология және нейроинсульттік бөлімшелері жаңадан ашылды. Бүгінде осы екі бөлімде бір айда тоқсаннан аса науқастың ем алуына мүмкіндік артты, – деп түсіндірді бізге Арал ауданының бас дәрігері Бауыржан Қуанышбаев.

Бас дәрігердің айтуынша, аудан орталығынан келешекте кардиология және нейроинсульттік бөлімшелерін жаңадан салу жобасы әзірленіп, мемлекеттік сараптамаға жіберілген. Құрылыстың болжамды

## АУЫЛ МЕДИЦИНАСЫНЫҢ ӘЛЕУЕТІ АРТТЫ



құны 1,1 млрд тенгеге бағаланып отыр. Жобаның нақты құны сараптама қорытындысынан соң айқындалып, республикалық бюджеттен қаржыландырылады деп күтілу.

Өңір медицинасын соңғы, заманауи құрал-жабдықтармен қамтамасыз ету жайы да назардан тыс емес. Бұл тұрғыда алдағы уақытта аудан халқының мұқтаждығын туғызып тұрған Антиограф және Магнитті резонансты томография құрылғысын енгізу де жоспарланып отыр. Осы құрал-жабдықтар алынған жағдайда жүректің аз инвазивті коронаграфиясы секілді манипуляциялар жергілікті аурухана көлемінде жасалады деген жоспар бар.

Жалпы, аудан халқы ескі нысан апатты деп танылуына орай 2018 жылдан бері заманауи үлгіде салынған жаңа аурухана ғимаратының игілігін көріп келеді. Алайда сол кезде аудан орталығындағы апатты жағдайда тұрған Жұқпалы аурулар бөлімшесі ғимараты құрылыс жобасына енгізілмей қалған.

Бүгінде 1989 жылы салынған ескі бөлімше ғимаратының сапасы сын көтермесе



де, оған емделушілер қатары жыл санап артып келеді. Соған орай, Арал қаласындағы «Арал ауданаралық ауруханасы» ШЖҚ КМК-на қарасты Жұқпалы аурулар ауруханасын қайта салуға ұсыным беріліпті. Қазіргі уақытта орталық аурухана жанынан 1 гектар жер телімі беріліп, жоба-сметалық құжаттамасы мемлекеттік сараптамаға жолданған. Бас дәрігер мамыр айының соңына дейін шешімі күтіліп отырғанын алға тартты.

«Ауданда тұрғыдардың талабынан туындаған мәселелер бар. Соның ішінде кәсіпорынға қарасты «Абай» ауылдық емханасының сапасына қатысты күрмеу шешімін күтіп тұр. Бұл емхана 1960 жылы жатақхана есебінде салынған. Бүгінде емдеу орны 19 мыңның үстінде емделушілерге алғашқы медициналық көмек көрсетеді. Тіркелген халықтың 80 пайызы теміржолдың арғы бетінде тұрады. Соған

орай, халықтың теміржолдан өту қауіпсіздігі қаперге алынып, «Шанхай» мөлтек ауданынан жаңа, заманауи емхана ғимаратын салуға ұсыныс берілді. Құрылыс нысанына арнайы жер телімі де бөлінді. Сол сияқты А.Байтұрсынов атындағы ауылдық емхана жанынан «Қамқорлық» қоры арқылы Арал және Қазалы аудандарында диспансерлік есепте тұратын 2-17 жас аралығындағы балалар мен жасөспірімдерді сырқатынан ерте оңалту мақсатында оңалту орталығын ашу жоспарланып отыр», – деп ақжолтай жаңалығымен бөлісті Бауыржан Мұратбекұлы.

Қазір Арал ауданының медицина саласы тың жаңалыққа толы. Ауданның ақхалаттылары бірегей жобалар мен күрделі оталарды жасауда жоғары нәтижеге қол жеткізіп келеді. Атап айтқанда, аудандық аурухананың эндоскопия бөлмесіне «Олимпус эвис Х1» эндовидео құрылғысы алынып, алғаш рет видеоколоноскопиялық зерттеу жүргізіле бастаған. Бұл соңғы үлгідегі видеокұрылғының NBI режимі жәй көзге білінбейтін ісіктерді ерте сатысында анықтауға мүмкіндік береді екен. Бүгінде асқазан-ішек жолдарынан осы видеоэндоскопиялық жолмен кан токтаруды қолға алған.

Сонымен қатар бас дәрігер, білікті маман Бауыржан Мұратбекұлының бастама-сымен түрлі күрделі оталар сәтті жүргізіле бастаған. Соның ішінде механикалық сарғаюмен түскен науқастарға тері, бауыр арқылы холангиостомия, шап жарығымен түскен науқастарға лапароскопиялық ТАРР герниопластикасы, отадан кейінгі вентральді жарықтарға имплантты торларды қолданып, кернеусіз және комбинирленген пластикалары, жатырдан тыс жүктілік және жатыр қосалқыларының айналуы кезіндегі лапароскопиялық түбэктомия сынды көптеген оталар МӘМС шеңберінде тегін жасалуда екен. Алдағы уақытта көз көруі төмендеген сырқаттарға офтальмохирургия бейіні бойынша ота жасау қолға алынбақшы. Қазір офтальмологиялық сырқаттар үшін микрохирургиялық отаға қажетті құрал-саймандарға тапсырыс беріліпті.

Жалпы, білікті дәрігер мамандардың тапшылығы – аудан медицинасындағы өзекті мәселенің бірі. Соның салдарынан, қазірдің өзінде аудандағы 20 дәрігер зейнет жасына шықса да, жұмыс жасауға мәжбүр. Бұған қоса, 19 дәрігер маман тапшы. Соған орай бас дәрігердің ықпалымен Ақтөбе қаласындағы М.Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медицина университетінің бітіруші түлектерімен келіссөздер жүргізілген. Нәтижесінде, 6 жалпы тәжірибелі маман ауданға келіп, сырқат жандардың сауығына сен болмақ. Бұған қоса, анестезиолог-реаниматолог, офтальмолог, оториноларинголог, неонатолог сынды дәрігер мамандар Резидентура бойынша бітіріп келеді деп күтілуде.

Бүгінде сырттан келетін әрбір маманды тұрғын үймен қамту мақсатында аудан әкімдігімен бірлескен шаралар қолға алынған. Осындай жоспарлы жұмыстардың нәтижесінде теңізді өңірдегі дәрігерлер тапшылығын түбегейлі жоюға үміт басым.

Қызылорда облысы



Сатып алуды ұйымдастырушы: Түркістан қаласы, Б.Саттарханов даңғылы №29В мекенжайында орналасқан Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті. (Университет) Телефон: +7(7253) 36-36-36, +7(7253) 36-36-62.

Сатып алудың әдісі: Университеттің «Сатып алу және сату» Регламентінің 20-бабының негізінде Университетімізге қарасты автокөлік бөліміндегі қызметтік көліктердің ұзақ жылғы қолданыстан ескіріп, жарамсыздануына байланысты 5(бес) дана қызметтік автокөліктерді сатып алу.

Сатып алудың нысаны болып табылатын тауарлардың жеткізілу мерзімі: тараптар келісімшартқа қол қойған күннен бастап, Әлеуетті өнім берушінің шарты бойынша, әлеуетті өнім беруші тапсырысшының тапсырмасы бойынша шартта белгіленген мерзімде белгіленген тауарды алып келуге міндеттенеді.

Сатып алуға қатысу шарттары: Сатып алуға қатысуға университеттің «Сатып алу және сату» Регламентінің 10-бабына сай баға ұсыныстарымен бірге төмендегі құжаттарды ұсынуларыңызды сұранамыз:

1. Әлеуетті өнім берушінің қаржылық жағдайы туралы банктен алған анықтамасы;
2. Сатып алу нысаны болып табылатын жұмысты атқару саласындағы тәжірибесін растайтын құжаттары (жүккүжат, келісімшарт, электрондық шот-фактура, орындалған жұмыс актілері)
3. Әлеуетті өнім берушінің заң талаптарына сәйкес тиісті құзіретті органдарға тіркелуі туралы анықтама;

4. Әлеуетті өнім беруші тауардың сапа сәйкестігін тексеру тауарларының үлгілерін, каталогтарын немесе суреттерін өткізуге тиіс.

5. Әлеуетті өнім берушінің ҚКС төлеуші болса сатып алынатын тауарлар бойынша ұсынған баға ұсынысының ішінде ҚКС қарастыру керек.

6. Әлеуетті өнім берушінің уәкілетті органнан берешегі жоқ туралы анықтамасы.

7. Конкурса қатысуға және шарттық кепілдік ретінде конкурса ұсынылған жалпы сомасының кем дегенде 5 пайызы (%) мөлшерінде мына есепшотқа аударылуы талап етіледі: Қ.А.Ясауи атындағы ХҚТУ мекемесі, БСН-990440008043, БСК-НСВККЗКХ, ЖСК-KZ436010291000010707, Кбе-16, «Қазақстан Халық Банкі» АҚ немесе банктік кепілдік берілуге рұқсат.

Сатып алынатын тиісті құрылыстың тізімі мен келісімшарт үлгісін <http://ayu.edu.kz/> сайтының хабарландыру парақшасынан немесе Түркістан қаласы, Б.Саттарханов даңғылы №29В мекенжайында орналасқан Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, Ректорат ғимараты, №203 кабинеттен алуға болады.

Комиссия отырысы болатын күні және уақыты: 11.06.2024 (15:00), №201 кабинет.

Сатып алуға өтінімді өткізу орны және уақыты:

Сатып алуға қатысуға баға ұсыныстары арнайы конвертке салынып, мөр басылып, хабарландыру жарияланған уақыттан бастап 20 күнтізбелік күн ішінде Түркістан қаласы, Б.Саттарханов даңғылы №29В мекенжайында орналасқан Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, Ректорат ғимараты, №203 кабинетіне қабылданады.



# КӨНЕНІҢ КӨМБЕСІ –

Наурызбек САРША

Музей күні 1978 жылдан бастап кәсіби мереке ретінде атап өтіліп келеді. Бұл дата КСРО кезінде, 1977 жылы Мәскеу қаласындағы халықаралық музейлер кеңесінің XI бас конференциясында бекітілген. Осы күні әлем елдеріндегі музейлерде «Музей түні» акциясы ұйымдастырылады. Музей – қоғам өмірінің айнасы, тарихы, әдебиеті мен мәдениеті, халқымыздың асыл рухани мұраларын жинап, өлкеміздің өткені мен бүгінін жалғап отырған тарихи орын. Ғасырлар қойнауында жатқан тың деректерді археологтарымыз алып, музей қорына өткізеді. Сонау тас дәуірінен бастап, бүгінгі күнге дейінгі жәдігерлерімізді көздерінің қарашығындай сақтап, жас ұрпаққа насихаттау ісінде орасан шаруалар атқаруда. Тарихымыздың тереңінен қазіргі өркениетті елімізді жалғастырып тұрған алтын желі іспеттес тарихи-мәдени құндылықтарымыз өңірімізде баршылық. Қазір елімізде 271 музей бар. 2022 жылдың қорытынды бойынша, музейге келушілер саны 6 миллион адамнан асыпты. Бұл 2021 жылмен салыстырғанда 1 миллионға жуық көп. Бұл ретте келушілердің 35%-ы немесе 2,175 миллионы – балалар. Сол жылы 166 801 экскурсия ұйымдастырылды, бұл 2021 жылмен салыстырғанда 41 мыңға көп болған. Ал көрме саны – 8 393. Бұл көрсеткіш бір жыл бұрынғы нәтижемен салыстырғанда 1 484 көрмеге артық.

Ұлттық музей директоры Айбек Сыдықовтың айтуынша, 2014 жылдан бері Ұлттық музей тарихында екі ірі келушілер легі тіркелген. 2017 жылы ЭКСПО халықаралық көрмесі аясында Ұлттық музейді 280 мың адам тамашаласа, 2022 жылы бұл көрсеткіш 330 мың адамға жеткен. Өткен жылдың тек алты айында ғана 310 мың келуші тіркелген. «Бұл халқымыздың мыңжылдық мәдени мұрасы мен тарихына деген қызығушылықтың артқанын көрсетеді», – деді ол.

Келушілердің арту динамикасының себебін осы жылдың сәуір айында екі жаңа залдың ашылуымен байланыстырады. Бұл – барлық жастағы қонақтарды қызықтыратын палеонтология залы және қолөнершілер орталығы. Палеонтология залында тиранозавр рекс, гиппарион жылқысы,

# Музей

ірі мүйізді бұғы, алып индрикотериум мүйізтұмсық, мамонт және басқа да жануарлардың қанқалары мен қалдықтары ұсынылған. Қолөнершілер орталығы түрлі кәдесыйлар мен еліміздің шеберлерінің сәндік-қолданбалы өнерінің үздік туындыларын ұсынады. Сондай-ақ өткен жылғы «Музейлер түні» халықаралық акциясы аясында Ұлттық музейді бір түнде 47 мыңнан астам адам тамашалап, тағы да рекорд орнатқан. Ал былтырғы бірінші жартыжылдықтың өзінде-ақ мұражай



*2022 жылдың қорытындысы бойынша, музейге келушілер саны 6 миллион адамнан асыпты. Бұл 2021 жылмен салыстырғанда 1 миллионға жуық көп. Бұл ретте келушілердің 35%-ы немесе 2,175 миллионы – балалар.*



қоры 4 мыңнан астам экспонатпен толыққан екен.

Елімізде негізгі музей қорларындағы экспонаттарының саны 2,6 миллионнан асады, оның ішінде 350 мыңы – аса құнды жәдігерлер. Миллионнан астам экспонат электронды форматта ұсынылған. Сонымен қатар Қазақстан Республикасы музей қорының мемлекеттік каталогі жұмыс істейді, оған қазір 114 мемлекеттік музейден 130 мыңнан астам экспонат қосылды. Ұлттық мәдени мұра нысандарының қатарына 61 музей қорынан 5 000-ға жуық жәдігер кіреді.

Бұрынғы Мәдениет және спорт министрі Асхат Оралов бір сөзінде: «Елдегі музейлердің жұмысы белсенді дамып, келушілер саны күн сайын артып отыр. Музейлерде та-

18 мамыр – Халықаралық музей күні. Ұлттық құндылықтарымызды ұлықтар, тарихымызды таразылар музей қызметінің ұрпақтар сабақтастығы жолында алар орны ерекше. Себебі ұлы далада әлемді өзінің өркениетімен, мәдениетімен, өнерімен, тарихымен таңғалдырған, ержүректігімен жарты әлемді бағындырған халық ұрпағымыз. Өткенге көз жіберсек, халықаралық музейлер кеңесі бұл атаулы күнді 1977 жылы бекіткен екен.

қырыптық көрмелер, дәрістер, экскурсиялар, қызықты, танымдық және шығармашылық іс-шаралар үнемі өткізіліп тұрады. Еліміздегі музейлерде ерекше, бірегей залдар ашылып жатыр. Мысалы, Ұлттық музейде палеонтология залы мен қолөнершілер орталығы бар. Сол секілді ашық аспан астындағы ең үлкен «Бозок» музей-қорығы салынып жатыр. Визит-орталықтар ашылып, онда тарихи-мәдени ескерткіштер мен олардың аумақтарынан табылған жәдігерлер туралы ақпарат ұсынылған. Әрине, бұл істің бастамасы ғана. Біз бұл жұмысты одан әрі қарай жалғастыруға ниеттіміз. Атап айтқанда, ғылыми экспедициялар өткізіп, халықаралық деңгейге шығуды мақсат етіп отырмыз. Халықаралық жобалардың бірі ретінде 2026 жылы Луврда қазақ өнерінің көрмесін ұйымдастыру бойынша белсенді жұмыс жүргізіп жатырмыз», – деген еді.

Жалпы, жаһандану заманында мәдени мұраны сақтап, өскелең ұрпақтың тарихи санасын қалыптастырып отырған, сырлы дүниелер және тағылымды тарих пен дәстүр ұштасқан, ұрпақтар жалғастығының негізгі алтын көпірі – музейдің мәдениетте алатын орны айтылса да түсінікті. Сол себепті көнеден жеткен жәдігерлерді жинақтап, көздің қарашығындай сақтайтын мәдени орынның бәсі әрқашан биік.

Айта кетейік, 18 мамырда бүкіл әлемде Халықаралық музейлер күні атап өтіледі. Атаулы күнге орай дүниежүзінде түрлі іс-шаралар ұйымдастырылады. Соның ішінде мысалы – Қазақстанның музейлері белсенді қатысатын «Музейлер түні» акциясы. «Музейлер түні» алғаш рет 1997 жылы Берлинде өтті. Халықаралық музейлер күніне орайластырылған акцияның мақсаты – мәдени мұра мен өнерді насихаттау. Қазақстанда бұл акция 2006 жылдан бастап ұйымдастырылып келеді.

## ҰЛТТЫҚ ОЛИМПИАДА ҚОРЫТЫНДЫЛАНДЫ

Кеше Астанада «Шеврон» компаниясының қолдауымен EcoForming экология және білім қоры ұйымдастырған география пәнінен ұлттық олимпиада қорытындыланды. Оған еліміздің 18 өңірінен 46 оқушы қатысты. Ұлттық олимпиада «Дарын» республикалық ғылыми-практикалық орталығы және «Астана дарыны» дарынды балалар мен талантты жастарды анықтау және қолдау орталығының әдістемелік сүйемелдеуімен өтті.



Ұлттық олимпиаданы қорытындылау рәсімінде сөз алған National Geographic Қазақстан журналының бас редакторы Еркін Жақыпов олимпиаданың маңызына тоқталды.

«География – ғылымдардың атасы. Олимпиадаға қатысушылар осы ғылымды жүйелі менгеріп, терең түсінді деп ойлаймын. Өйткені географияның бірінші миссиясы – жер планетасын аман алып қалу болса, екінші миссиясы – басқа планеталарды қатпарына дейін зерттеу. Ол да география ғылымының шеңберіне кіреді. Ұлттық олимпиада деген – бір-біріңізбен жарысу емес, өз мақсаттарыңызға бір қадам жақындау», – деді Е. Жақыпов.

Қатысушыларға берілген тапсырмалар ішінде National Geographic Қазақстан журналында кездесетін материалдар да енгізілген. Сұрақтар оқушылардың жасына қарай құрастырылыпты. Бұл туралы олимпиадаға методикалық көмек көрсеткен Абай Дүйсен айтты.

«Олимпиада жүйесінде жүргеніме 15 жылдан астам уақыт болды. Биыл National Geographic Қазақстан журналының ұйымдастыруымен өткен ұлттық олимпиада сұрақтарын құрастыруға, методикалық көмек көрсетуге шақырылдым. Халықаралық санатқа сай үш кезеңнен тұратын тапсырмалар құрастырдық. Олар: мультимедиялық, далалық және жазбаша. Олимпиаданың ерекшелігі далалық тапсырмаларды орындау кезінде байқалады. Ол масштаб, азимут, басқа да деректерге байланысты географиялық құралдарды пайдаланып, зерттеу жұмысын жүргізуге негізделген. Сұрақтар 7-8 сынып оқушыларына лайықтап, тілге жеңіл тапсырмалар бойынша құрастырылды», – деді олимпиада сұрақтарын құрастырушы.

Жүлделі орын иеленген оқушыларға марапаттар мен арнайы сыйлықтар берілді. Сондай-ақ қатысушыларға олимпиаданың тың қосымша білім беру мақсатында арнайы спикерлер лекция оқыды.

– Жарысқа Көкшетау «Білім-инновация» лицейінен келдім. Олимпиада қызық өтті, ұйымдастырылуы да керемет. Соңғы үш күн ішінде қорытынды кезең бойынша түрлі географиялық тың деректермен таныстық. Мамандар келіп қосымша сабақтар өткізді. Ұлттық олимпиадаға 1 жылға жуық уақыт дайындалды. Интернет ресурстардан, жоғары сыныптың оқулықтарынан жаңа мәліметтермен танысып, соның нәтижесінде бүгін бас жүлдені жұлып алып, алтын медальға ие болып отырмын, – дейді жүлдегер Руслан Төлегенов.

География пәнінен өткізілген ұлттық олимпиаданың басты мақсаты – оқушылардың географияға деген қызығушылығын арттыру және географияның мектеп пәні ретіндегі мәртебесін көтеру. Айта кетейік, «Шеврон» компаниясы осымен екінші жыл қатарынан мектеп оқушылары арасындағы география олимпиадасының серіктесі болып отыр.

Сымбат БАУЫРЖАНҚЫЗЫ



Меншік иесі – «Айқын-Литер» ЖШС  
Директор –  
Талғат ЕШЕНУЛЫ

Бас редактор –  
Амангелді ҚҰРМЕТ  
Гүлзина БЕКТАС –  
Бас редактордың  
бірінші орынбасары  
Ботагөз МАРАТҚЫЗЫ –  
Шығарушы редактор  
Елдар ҚАБА –  
Секретариат меңгерушісі

АЙМАҚТАҒЫ ПІАШЛАЕР:  
Абзал АЛПЫСБАЙҰЛЫ –  
Ақмола облысы  
Алтынай БАУЫРЖАНҚЫЗЫ –  
Алматы қаласы  
Сағхан САТЫБАҒАН –  
Жамбыл облысы  
Әдебиет БЕЛГІБАЙҰЛЫ –  
Қарағанды облысы  
Назғуа НАЗАРБЕК –  
Шымкент қаласы  
Жанат ҚАЙЫРҒОЖИНА –  
Батыс Қазақстан облысы  
Ербақыт ЖАЛҒАСБАЙ –  
Қызылорда облысы  
Баиян ЖАНУЗАҚ –  
Атырау облысы

«АЙҚЫН» ГАЗЕТІНІҢ ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ:  
Кәсіпорындар,  
мекемелер үшін – 15102  
Зейнеткерлер,  
соғас ардагерлері үшін – 55102  
Жеке жазылушылар үшін – 65102  
ЖАРНАМА БӨЛІМІ:  
8(701) 675-42-14, 8(7172) 72-95-31  
reklama.aiqyn@gmail.com  
ЖАЗЫЛУ ЖӘНЕ ТАРАТУ БӨЛІМІ:  
8(7171) 804-61-32  
podpiska.alt@gmail.com  
Газет аптасына 3 рет шығады

Газет «Айқынның»  
компьютер орталығында беттелді  
ТАРАЛЫМЫ: 40 000

Тапсырыс №4448  
Астана қ. «Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС  
Сілеті көшесі 30,  
Тел.: 8(7172) 99-77-77  
Алматы қаласы, «Алматы-Болшақ» АҚ  
Мұқанов көшесі, 223 В  
Шымкент қ. «ERNUR-print» ЖШС,  
Әлімқұлов көшесі 22,  
Тел.: 8(7252) 53-06-66, 54-07-47 ішкі 114,